

ЖАСТАР ШЕТЕЛГЕ НЕГЕ КЕТЕДІ?

6-БЕТ | ҚОҒАМ



МІРЖАҚЫПТАН – БАТА, СӘКЕННЕН – САБАҚ

7-БЕТ | РУХАНИЯТ



ЖАТЫР ЖАЛДАУ ЖАРҒА ЖЫҚПАСЫН

8-БЕТ | МӘСЕЛЕ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Түбі бір түркі жұртының тарихы тамырлас, халықтарымызға ортақ сан ғасырлық шежіреміз бар деп үнемі айтып жатырмыз. Мұның бәрі – берекелі бірлігіміз бен мәңгілік ынтымағымыздың алтын арқауы. Жақында елдеріміз «Түркі халықтарының ынтымақтастық күнін» атап өтті. Бұл – бірлігімізді бекемдей түсетін маңызды мереке.

№119
(4863)
Бейсенбі
9 қазан
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ЖОЛ МӘДЕНИЕТІ – ЕЛ МӘДЕНИЕТІ



Оңалхан ӨНЕРХАН

Елордада жол бойындағы камералардың көмегімен 2025 жылдың алғашқы 8 айында 1 миллионнан астам жол қозғалысы ережесін бұзу дерегі тіркелген. Оның ішінде 1306 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, 24 адам қаза тауып, 1621 адам түрлі жарақат алған. Бүгінгі таңда Астанада жалпы қауіпсіздікті арттыру, жол-көлік оқиғасының алдын алу бағытында бірқатар кешенді бағдарлама іске қосылған.

ТАРИФТЕР КӨТЕРІЛЕ МЕ?

Табиғи монополияларды реттеу комитеті департаментіне «Астана су арнасы», «Астана-Теплотранзит» және «Астана-РЭК» мекемелерінен коммуналдық қызметтердің тарифін өзгерту бойынша өтінімдер түсті. Қазір бұл құжаттар қаралып жатыр.

Департамент басшысының орынбасары Мағжан Қуанышбектің айтуынша, өтінімдер келесі жылға арналған. Биыл елордада коммуналдық қызмет тарифтері өзгермейді.

«Жыл аяғына дейін коммуналдық қызметтер бойынша, атап айтқанда, негізгі су, жылу және электр энергиясы тарифтерінде тұрғындар мен заңды тұлғалар үшін ешқандай өзгеріс болмайды» деп мәлім етті департамент өкілі.

ПӘТЕРГЕ ТІРКЕУ ШЕКТЕЛЕДІ


2025 жылдың 17 шілдесінде күшіне енген Қазақстан Республикасының жаңа заңы аясында Астана қаласында тұрғындарды бір пәтерге тіркеу лимиті енгізілуі қарастырылып жатыр.

Қаладағы пәтерлерге тұрғындарды тіркеудің жаңа ережесі жергілікті мәслихаттардың қаулысымен шешілмек. Әзірге шектеу мәселесі ресми бекітілген жоқ. Бірақ бейресми ұсыныстар бойынша 1 адамға 15 шаршы метр қарастырылуы мүмкін. Жаңа ережеде жақын туыстар – жұбайы, балалары, ата-анасы – үшін ерекше жағдай қарастырылған. Олар тіркеу лимитіне жатпайды. Ал бөтен адамдар үшін шектеу қойылады. Жаңа ереже қабылданғанша қала тұрғындарына қоғамдық талқылау ұсынылады. Осыдан кейін ғана тиісті құжаттар қабылданады.

ТЕГІН СКРИНИНГТЕН ӨТІҢІЗ!

Астанада тегін мемлекеттік медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі аясында скринингтен өту бағдарламасы жүзеге асып жатыр.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры Астана қаласы бойынша филиалының директоры Гүлжан Шайхыбекова тегін скринингтік бағдарламалар созылмалы және қатерлі ауруларды ерте анықтауға бағытталып отырғанын мәлім етті. Тегін мемлекеттік медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі аясында астаналықтар мынадай скринингтерден өте алады: артериялық гипертензия, жүректің ишемиялық ауруы, қант диабеті, глаукома және басқа да қауіп факторлары бойынша – 40 пен 76 жас аралығындағы ерлер мен әйелдерге; сүт безі қатерлі ісігіне – 40 пен 76 жас аралығындағы әйелдерге; жатыр мойны обырына – 30 бен 74 жас аралығындағы әйелдерге; тоқ ішек қатерлі ісігіне – 50 мен 76 жас аралығындағы ерлер мен әйелдерге. Тегін скринингтер жергілікті емханаларда өтеді.



11-12 ҚАЗАН
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
ЖӘРМЕҢКЕСІ

Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстары Астанаға өнім әкеледі. Жәрмеңке «Қазанат» ипподромының автотұрағында (Қарқаралы тасжолы, 1) сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін өтеді.



№119 (4863) 09/10/2025 Бейсенбі

Төлен ТІЛЕУБАЙ



ТҮРКІ БІРЛІГІН БЕКЕМДЕГЕН БАСҚОСУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жуырда Әзербайжанның Габала қаласына барып, Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдер басшылары кеңесінің XII саммитіне қатысты. Алқалы жиында Президент сөз сөйлеп, Түркі әлемінің бірлігі мен ынтымағына қатысты бірнеше бастамасын жария етті.

МАҚСАТ-МҰДДЕ ОРТАҚ

Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, ерекше қонақжайлық көрсеткені үшін Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевке ризашылығын білдіріп, жиынның мән-маңызы айрықша, күн тәртібі өзекті екенін айтты.

«Түбі бір түркі жұртының тарихы тамырлас, халықтарымызға ортақ сан ғасырлық шежіреміз бар деп үнемі айтып жатырмыз. Мұның бәрі – берекелі бірлігіміз бен мәңгілік ынтымағымыздың алтын арқауы. Жақында елдеріміз «Түркі халықтарының ынтымақтастық күнін» атап өтті. Бұл – бірлігімізді бекемдей түсетін маңызды мереке. Бүгінде Түркі мемлекеттері ұйымы достас халықтардың басын қосқан мәртебелі әрі беделді құрылымға айналды. Былтырдан бері ұйымға құрметті Президент Садыр Жапаров бастаған қырғыз елі тиімді төрағалық етті. Қырғыз тарапына ризашылығымызды білдіреміз. Енді төрағалық құрметті Ильхам Гейдар оглудың басшылығымен Әзербайжан тарапына беріледі. Алдағы уақытта да ұйымымыздың абырой-беделі арта түседі деп сенеміз» деді Президент.

Мемлекет басшысы жаһандық қауіпсіздік жүйесі күрделі кезеңді бастан өткеріп жатқанын атап өтіп, қақтығыстар мен шиеленістер, геосаяси текетірестер әлемнің кез келген мемлекетіне әсер ететін қауіпті үрдіске айналғанына тоқталды.

«Осындай алмағайып заманда 30 жылдан астам уақыт шешімін таппаған шиеленіске қатысты Әзербайжан мен Арменияның Бейбітшілік декларациясына қол қойғанын ерекше атап өткім келеді. Бұл тұрақтылық пен экономикалық өрлеуге жол ашатын тарихи мәміле болды. Қазір әлемдегі геосаяси ахуал аса күрделі, сондықтан түркі елдері ортақ мүдде жолында күш жұмылдыруға тиіс. Бүгінде жаһан жұрты бізді зор сын-қатерлерге төтеп бере алатын, беделі мықты, ынтымағы жарасқан мемлекеттер ретінде таниды. Бірқатар ел біздің ұйымға ерекше қызығушылық танытуда. Бұл ретте Қазақстан ынтымақтастық аясын кеңейтуге бағытталған «Түркі мемлекеттері ұйымы+» форматын құру идеясын қолдайды. Осы бастама біздің ұйымның халықаралық беделін арттыруға жол ашатыны сөзсіз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, Түркі мемлекеттері аумағында тұрақтылықты, қауіпсіздік пен бейбітшілікті нығайту ісінде Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің рөлі мен әлеуеті ерекше.

«Кеңесті толыққанды халықаралық ұйымға айналдыру үдерісіне қолдау көрсеткен Әзербайжан тарапына, сондай-ақ барша түркі мемлекеттеріне шынайы ризашылығымды білдіремін. Түркі елдерінің қауіпсіздікті нығайту және сын-қатерлерге, соның ішінде терроризмге қарсы тұру жолындағы мақсат-мүддесі ортақ, сондықтан осы бағыттағы ықпалдастығымыз табысты жүзеге асуда. Бәріміз жаһандық қауіпсіздікті сақтау жолындағы бастамаларды қолдап келеміз. Бірақ біз мұнымен шектеліп қалмауымыз керек» деді Мемлекет басшысы.

КИБЕРҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІН ҚҰРУДЫ ҰСЫНДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев көптеген елдердің шекараға бағынбайтын жаңа қатермен бетпе-бет келіп отырғанын алға тартып, ұйым аясында Киберқауіпсіздік кеңесін құруды ұсынды.

«Бұл кеңес мемлекеттеріміздің іс-қимылын үйлестіріп, күш жұмылдыруға жағдай жасайды. Сонымен қатар цифрлық қауіпсіздік пен технологиялық байланысты бекемдей түседі. Биыл қыркүйекте осы тақырып бойынша Алматыда өткен конференция нәтижелері киберқауіпсіздік саласындағы ықпалдастықты күшейту аса маңызды екенін тағы да растады» деді Президент.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Мемлекет басшысы экономикалық ынтымақтастықты тұрақтылық пен өсіп-өркендеудің түп негізі ретінде атады.

«Біз 2040 жылға дейінгі Түркі әлемінің даму бағдарын толық іске асыруға баса мән беруіміз қажет. Саммит осы жоспарды нақты шаралармен толықтыруға тиіс. Ұйымға қатысушы әр мемлекеттің өзіне тән артықшылығы және жетістігі бар. Соған қарамастан ұйым аясында сауда-экономика саласындағы ірі жобаларды жүзеге асыру үшін нақты тетіктер ұсынылған. Соның бірі – Түркі инвестициялық қоры. Осы қаржы ұйымының мүмкіндіктерін барынша пайдалануымыз керек. Биыл Түркістанда елдеріміздің экономика және сауда министрлері бас қосады. Сол кезде қор қаржыландыратын жобалар тізімін жасаған жөн болар еді. Өнеркәсіп саласындағы ықпалдастық елдеріміздің экономикасын әртараптандыру ісінде маңызды рөл атқарады. Осы орайда, Түркі сауда-өнеркәсіп палатасының әлеуеті зор деп есептейміз. Келесі жылы осы палатаға Қазақстан төраға болады. Бұл бағытта біз нақты жобаларға басымдық беретін Өнеркәсіптік кооперация бағдарламасын қабылдауды ұсынатын боламыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент көлік-логистика саласындағы әріптестікті жаңа деңгейге көтеруді басты міндеттің бірі санайды.

«Елдеріміз Шығыс пен Батысты, Оңтүстік пен Солтүстікті жалғайтын тоғыз жолдың торабы – Еуразия төрінде орналасқан. Қазір Қазақстан аумағы арқылы 5 халықаралық теміржол дәлізі өтеді. Азия мен Еуропа арасында тасымалданатын жүктің 85 пайызға жуығы Қазақстан арқылы жөнелтіледі. Жақында біз «Достық – Мойынты» теміржолының екінші желісін іске қостық. Бұл қадам Трансқазақстан теміржол дәлізін қарқынды дамытуға ықпал етеді. Жаңа жол жүк тасымалының көлемін 5 есе арттыруға мүмкіндік береді. Бұдан басқа тағы да екі маңызды теміржол салынып жатыр. Осы жобалар аймақтық логистиканы әртараптандыру ісіне тың серпін беретіні анық. Транскаспий халықаралық көлік бағдары Еуразиядағы жол торабының стратегиялық бөлігіне айналды. Соңғы 5 жылда Орта дәліз арқылы тасымалданатын жүк көлемі 6 есе өсті. Жақында ұйымға мүше мемлекеттердің көлік министрлері Алматыда бас қосты. Тараптар кездесуде осы жол бағдарына қатысты бірқатар келісімге қол жеткізді. Бұл ретте біз түркі мемлекеттерін Орта дәліз бойындағы әуе хабтары, теміржол бекеттері және теңіз порттары инфрақұрылымын жаңғыртуға белсене атсалысуға шақырамыз. Қазір көлік-транзит саласын цифрландыруға қатысты жұмыс қарқынды жүріп жатыр. Осы орайда жасанды интеллект технологиясын пайдалану тиімді болатыны сөзсіз. Сондықтан беделді сарапшыларды тарта отырып, ұйым аясында арнайы Цифрлық мониторинг орталығын құру мәселесін талқылауды ұсынамыз» деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстан цифрландыру ісіне, соның ішінде жасанды интеллект саласын дамытуға ерекше мән беретінін мәлімдеп, толық цифрлық ел болуды стратегиялық мақсат ретінде айқындағанын жеткізді.

«Жасанды интеллектіні жаппай дамыту үшін білікті мамандар даярлауды қолға алдық. Бағдарлама аясында жыл басынан бері 400 мыңнан астам студент арнайы білім алды. Сондай-ақ жасанды интеллект мамандарын оқытатын тұңғыш зерттеу университетін ашуды жоспарлап отырмыз. Қазақстан осы оқу ордасында білім алуға ниет білдірген түркі елдерінің жастарына арнайы гранттар бөлуге дайын» деді Мемлекет басшысы.



ЭЛЕКТР ҚУАТЫ МЕН СУДЫ ҮНЕМДЕУ – ЖАҺАНДЫҚ МӘСЕЛЕ

Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі жағдайда энергетика мәселесіне де баса мән беру керек екенін айтты.

«Бұл – экономикамыздың тірегі, стратегиялық әріптестігіміздің негізі. Бүгінде біз ортақ инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асырудамыз. Энергия тасымалдаудың қауіпсіз әрі ыңғайлы жолдарын қарастырып жатырмыз. Қазақстан, Әзербайжан және Өзбекстан арасындағы жасыл энергия дәлізі – осы саладағы жемісті ынтымақтастық үлгісі. Сонымен бірге жаңартылатын энергия көздеріне, ең алдымен, күн энергиясына айрықша назар аудару қажет деген ойдамыз. Осыған орай, Түркі мемлекеттері ұйымы аясында Энергия тиімділігі жөніндегі озық тәжірибе кеңесін құруды ұсынамыз. Дегенмен мұнай мен газды, уранды, көмірді, сирек кездесетін минералдарды игеру және оларды тиімді пайдалану Қазақстанның энергетикалық стратегиясының негізі болып қала береді» деді Президент.

Мемлекет басшысының пікірінше, қазір әлемде аса күрделі мәселеге айналған су тапшылығы таяу арада Орта Азиядағы ең өзекті сын-қатер болуы мүмкін.

ЦИФРЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛАР ОРТАЛЫҒЫ КЕРЕК

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев аталған салалар бойынша ұйым аясында жүзеге асыруға болатын бірқатар бастамаға тоқталып өтті.

«Жуырда Астанада Alem.AI жасанды интеллект орталығы ашылды. Соның негізінде Түркі мемлекеттері ұйымының Цифрлық инновациялар орталығын құруды ұсынамыз. Бұл орталық стартаптарды қолдап, бірлескен жобаларды дамытуға жол ашады. Жасанды интеллект саласында тәжірибе алмасуға және венчурлік капитал тартуға мүмкіндік береді. Біз цифрландыру және жасанды интеллектінің әлеуетін халықтарымыздың игілігі үшін ұтымды пайдалануымыз қажет. Сонымен қатар жаңа технологиялардан туындайтын тәуекелдер мен сын-қатерлердің алдын алуымыз керек. Сондықтан келесі жылы Қазақстанда өтетін ұйымның бейресми саммитін «Жасанды интеллект және цифрлық даму» тақырыбына арнауды ұсынамын. Осы жиынның қарсаңында білікті сарапшылардың басын қосып, халықаралық конференция ұйымдастыруға дайынбыз» деді Президент.

«Өзен-сулардың ортақ игілік екенін ескере отырып, оны тиімді пайдалану үшін жаңа тәсілдер керек деп санаймыз. Суару жүйесіне цифрлық бақылау орнату, тамшылатып суару әдістерін кеңінен қолдану, су қоймаларының тиімділігін арттыру жөнінде бірлескен бағдарлама қабылдауға болады. Қазір Каспий теңізі тартылып бара жатқанын білесіздер. Бұған бәріміз алаңдап отырмыз. Қарт Каспийдің түркі жұрты үшін орны қашанда бөлек. Оны халықтарымыздың арасындағы дәнекер деуге болады. Соңғы жылдары теңіз деңгейінің төмендеуі аймақтың экологиясы мен экономикасына кері әсерін тигізіп отыр. Бұл – жаһандық ауқымдағы мәселе. Мен мұны Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммитінде және Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының мерекелік сессиясында айттым. Біз тамырлас және шекаралас елдер ретінде Каспий теңізінің ахуалын жақсартуға баса мән беруіміз керек. Мен түркі мемлекеттерін осы бағытта күш біріктіріп, бірлескен жобалар әзірлеуге, халықаралық бастамаларды қолдауға шақырамын. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен келесі жылы сәуірде Өңірлік саммит өткізуді жоспарлап отыр. Тақырып: «Тұрақты болашақ жолындағы ортақ көзқарас». Біз түркі елдері осы саммиттің жұмысына жоғары деңгейде белсене қатысады деп үміттенеміз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

МӘДЕНИ ЫҚПАЛДАСТЫҚ ҚАЛАЙ НЫҒАЯДЫ?

Мемлекет басшысы ұйымға мүше елдер арасында сауда-экономикалық және саяси ықпалдастықпен қатар, мәдени-гуманитарлық байланыс та нығайып келе жатқанын тілге тиек етті.

«Биыл Ақтау қаласы Түркі әлемінің мәдени астанасы болып жарияланды. Соның аясында бірқатар іс-шара ұйымдастырылды. Каспий жағалауында түркі мәдениетінің фестивалі өтті. Осы маңызды іс-шараға 100 мыңнан астам көрермен қатысты. Бұған қоса, биыл Алматы қаласы Түркі әлемі жастарының астанасы атанды. Біз өскелең ұрпақты бауырластық рухында тәрбиелеп, жастарымыздың мәдени ықпалдастығын нығайтуды қолға алуымыз қажет. Осыған орай, келесі жылы Алматыда Креативті экономика форумын өткізуді ұсынамыз. Мұндай қадам жастарымызды жақындастыруға, олардың білімін және білігін арттыруға мүмкіндік береді. Қазақта «Өнерлі өрге жүзеді» деген сөз бар. Шын мәнінде, өнер, білім, ғылым құндылықтары өркениетіміздің өрісін кеңейтуге ықпал етеді. Қазақстанда елдеріміздің зиялы қауым өкілдерінің басын қосып, арнайы іс-шара өткізген орынды болар еді. Бұл іс-шараны ұйымымыздың Ақсақалдар кеңесінің аясында өткізуге болады. Оның үстіне, Түркі әлемін зерттеушілер клубын құруды ұсынамыз. Оны Түркі академиясының негізінде қалыптастыруға болады» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сөз соңында түркі халықтарының тұтастығы мен ынтымағын нығайта түсуге шақырды.

«Әзербайжанның әйгілі ақыны әрі осы тарихи жердің тумасы Бахтияр Вахабзаденің «Түріктің түрікке дұшпандық жасауға хақысы жоқ!» деген өсиеті бар. Біз аға буынның ұлағатты сөздерін жадымызда сақтап, түркілердің түбі бір туыс, бірлігі бекем бауыр екенін бүкіл әлемге паш етіп келеміз» деді ол.

Мемлекет басшысы ұйымға төрағалық ететін Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевке мол табыс және сәттілік тіледі.

КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің төрағалығымен Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссияның отырысы өтті.



Жиында 2022-2026 жылдарға арналған Жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасының жүзеге асырылу барысы қарастырылып, Жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттер тобының (ГРЕКО) ұсынымдары пысықталды. Отырыста Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Қаржы министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі басшыларының баяндамалары тыңдалды.

Мемлекеттік кеңесші сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жетілдіру бағытында қабылданып жатқан шаралардың маңызына тоқталып, бірқатар оң өзгеріске назар аударды. Жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын жүзеге асыру аясында Президенттің екі Жарлығы, он заң және Үкімет қаулысы, мемлекеттік органдардың жүзге жуық бұйрығы қабылданды. Бұл іс-шаралар елімізде жүргізіліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты өзектендіруге және жемқорлықтың алдын алудың тиісті тетігін қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Ерлан Қарин тұжырымдаманы іске асыру мерзімі аяқталуға таяп қалғанын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында жаңа бағдарламалық құжатты әзірлеу жұмыстарын бастау керек екенін еске салды. Бұл ретте қазіргі жағдайға талдау жүргізу, халықаралық озық тәжірибені және заманауи үрдістер мен сын-қатерлерді ескеру маңызды. Сондай-ақ Мемлекеттік кеңесші сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте халықаралық серіктестіктің, соның ішінде ГРЕКО ұйымымен өзара ынтымақтастықты кеңейтудің маңызы зор екенін атап өтті. Жиын соңында Ерлан Қарин «Заң және тәртіп» қағидатын одан әрі орнықтыра түсу сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламаларды іске асырудағы маңызды бағыт екенін жеткізді.

300 ЖАҢА АВТОБУС ШЫҒАРЫЛАДЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Instagram парақшасында қоғамдық көлік мәселесі қалай реттеліп жатқаны туралы жазды.

«Біздің негізгі басымдықтарымыздың бірі – қоғамдық көлікті дамыту. Биыл қалалық автопарк 300 жаңа автобуспен толығады. Оның ішінде 118 автобус қазірдің өзінде қалаға жеткізіліп, желіге шығаруға дайындық жұмысы жүріп жатыр. Қалған 182 автобус қалаға алдағы 3-4 айда жеткізіледі. Бұдан бөлек, жеке автопарктер де өз қаражаты есебінен көлік құрамын жаңарту жұмысын жүргізіп жатыр. Жаңа автобустар желідегі көлік санын арттыруға мүмкіндік береді, соның нәтижесінде аялдамада күту уақыты қысқарады, жаңа бағыттар ашылып, ескі автобустар кезең-кезеңімен ауыстырылады» деп жазды қала басшысы.



2023-2024 жылдары қалаға 700 автобус жеткізілді. Сонымен қатар LRT жобасын іске асыру жұмысы жалғасып жатыр, қазірдің өзінде сынақтық іске қосу жұмысы басталып кетті. Сондай-ақ жолдар мен жол айырықтарын салу, жөндеу жұмысы жүргізілуде. Соңғы жылдары елордада екі көпір пайдалануға берілді. Әкім осы жұмыстың барлығы алдағы уақытта да жалғасатынын жеткізді.

ДЕНСАУЛЫҚ САЛАСЫН ТАЛҚЫЛАЙДЫ

Бүгін мәслихаттың отырысында Астана қаласының денсаулық саласын дамытудың 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын орындау барысы қаралады. Жиында ана мен бала денсаулығы мәселесіне басымдық беріледі.



– Осы жиынға дайындық аясында Әлия Молдағұлова көшесіндегі №3 көпсалалы емхананың акушерлік бөлімшесін, Тәуелсіздік даңғылындағы №1 қалалық перинаталды орталықты және осы ғимаратқа көрші №13 емхананың акушерлік бөлігін зерделедік. Басты назарда ана мен бала өлімі жағдайы, проблемалар, себептері және шешу жолдары пысықталды. Мысалы, тарифтердің төмендігі, линиялық шкаланың аздығы, кадр мәселелері, медициналық қондырғылар (МРТ, КТ және т. б.) қажеттілігі, күрделі және күнделікті жөндеу, жалақы аздығы, жатақхана мен пәтер бөлу және өзгесі. Бәрін қарап, шешу жағын қаулыда ескереміз, – дейді Астана қалалық мәслихатының депутаты Кендебай Адамбек.

Оның айтуынша, аталған кешенді жоспар биыл аяқталуға жақын. Сондықтан біраз мәселені 2026-2028 жылдарға арналған Астана қаласы медицинасын дамытуға арналған кешенді жоспар арқылы шешу көзделген.

МАМАНДЫҚТАР МАҢЫЗЫНА АРНАЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жарияланған «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында Астана қаласы әкімдігінің Технологиялық колледжінде алғаш рет ерекше форматтағы шығармашылық байқау өтті. Студенттер кәсіптік-техникалық мамандықтардың маңызы мен мәртебесін насихаттайтын бейнероликтер әзірледі.

Колледж директоры Ләззат Разбекованың айтуынша, байқаудың басты мақсаты – заманауи тәсіл арқылы жұмысшы мамандықтарының құндылығын көрсету және жастардың кәсіби дағдыларды меңгеруге деген қызығушылығын арттыру.

– Бүгінде жұмысшы мамандықтары жаңа деңгейге көтерілуде. Біздің студенттер тек теорияны меңгеріп қана қоймай, табысты мансапқа жол ашатын сұранысқа ие құзыреттерді игеріп жатыр. Әлеуметтік желідегі бейнероликтер байқауы мамандықтарды шығармашылық тұрғыдан насихаттауға және жастарға жақын әлеуметтік желілер арқылы еңбектің қадірін жеткізуге мүмкіндік берді, – деді Ләззат Разбекова.

Бастама студенттер арасында зор қызығушылық тудырған. Қатысушылар өздерінің болашақ мамандығы туралы бейнеролик түсіріп, жетістігімен бөлісіп, оқу барысындағы тәжірибелік сабағын көрсетті, тіпті қатарластарына мамандық таңдауға қатысты кеңес те берді. Ең үздік жұмыстар колледждің ресми әлеуметтік желілерінде жарияланады. Осы арқылы оқырмандар студенттердің дәріс пен тәжірибе сабақтарынан тыс уақытта да өз ісіне деген қызығушылығын, белсенділігін және пайдалы болуға деген талпынысын көре алады. Шығармашылық сайыста 50-ден астам қатысушы өз бағын сынады.

Бас қаланың Сарайшық ауданындағы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының ашылғанына жарты жылдан асты. Мұнда зейнеткерлер үшін тегін үйірмелер мен секциялар жұмыс істейді.

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР ДӘН РИЗА



Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Егде жастағыларға 20-дан астам қызмет көрсететін орталыққа осы уақыт ішінде 520-дан аса зейнеткер тіркеліп, түрлі үйірме мен спорт жаттығуларына белсенді қатысып келеді. Мұнда егде жастағы азаматтар йога, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, шахмат сияқты спорт түрлерімен айналысып, шығармашылық және танымдық шараларға қатысады. Мұнда қариялар бір-бірімен пікір алмасып, жаңа таныстық орнатады. Зейнеткерлердің айтуынша, мұндай орталықтар олардың белсенді өмір салтын сақтап, қоғаммен байланысын үзбеуіне мүмкіндік береді.

– Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы қарияларға қамқор болып, қала зейнеткерлеріне бос уақытты тиімді өткізу бағытында түрлі әлеуметтік қызмет түрлерін көрсетуде. Әр ауданда осындай орталықтар жұмыс істейді. Бұл қарттардың жанына шуақ, тәніне қуат сыйлайды. Ғимарат ашылғалы бері қарияларымыз әкімдікке және қызметкерлерге зор алғыс айтып келеді, – дейді Сарайшық ауданы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының меңгерушісі Ақсұлу Нұрланова.

Сонымен қатар орталық меңгерушісі ауданға қарасты мектептермен меморандумға қол қойып, өзара іс-шаралар ұйымдастыруды жолға қойғанын атап өтті. Қазіргі уақытта елордада 15 мыңнан астам зейнеткер тегін үйірмелер мен секцияларға қатысып жүр.

ТӘРБИЕ БАЛАБАҚШАДАН БАСТАЛАДЫ

Елордалық №30 «Қайнар» балабақшасында адалдық пен әділдік ұғымдарының мәнін ашып, жас ұрпақты адалдыққа тәрбиелеу тәжірибесін жетілдіру мақсатында «Адал азамат – болашаққа бағдар» атты дөңгелек үстел өтті.

Шапағат ӘБДІР

Іс-шараға педагогтар мен ата-аналар белсене қатысып, пікір алмасу, сұрақ-жауап, тренинг, диалог алаңы және балалардың қатысуымен қойылым қойылып, тәрбиелік мәні бар көріністер көрсетілді.

– Жаңа оқу жылынан бастап еліміздің барлық мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы жүзеге асуда. Оның мақсаты – еліміздің жарқын болашағы мен тұрақты дамуының басты кепілі саналатын жас ұрпақ бойына адалдық, әділдік және жауапкершілік сынды асыл қасиеттерді дарыту. Осы іс-шара арқылы біз ата-аналар мен қатысушыларға адалдық, мәдениет, жауапкершілік және парасаттылық туралы кеңінен ақпарат бердік. Себебі «Адал азамат – болашаққа бағдар» – бұл тек ұран емес, еліміздің келешегін айқындайтын басты құндылық. Мұны бала бойына балабақша қабырғасынан бастап сіңіруіміз қажет, – дейді №30 «Қайнар» балабақшасының әдіскері Мәдина Абдуллаева.

Сондай-ақ іс-шара кезінде ата-аналар мен ұстаздар балаға ұлттық тәрбиені отбасында да, балабақшада да жүйелі түрде беру жолдарын талқылады.



№119 (4863) 09/10/2025 Бейсенбі

ЖОЛ МӘДЕНИЕТІ – ЕЛ МӘДЕНИЕТІ

Шапағат ӘБДІР



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында жол қауіпсіздігі мәселесіне ерекше тоқталды.

«Халықтың өмірі мен денсаулығына тікелей әсер ететін тағы бір түйткіл, бұл – жол қауіпсіздігі. Мен былтырғы Жолдауда бұған арнайы тоқталдым. Әрине, біраз шаруа жасалып жатыр. Соған қарамастан көлік апаттары азаймай тұр. Жыл басынан бері 22 мыңнан астам жол-көлік оқиғасы тіркелген. Шын мәнінде, көп нәрсе көлік жүргізушілерінің өзіне байланысты, себебі жол ережесін бұзатындар аз емес. Әрбір адам өз өміріне және айналасындағы адамдардың қауіпсіздігіне жауапты екенін сезінуге тиіс. Көлік жүргізу мәдениетін бүкіл қоғам болып қалыптастыру қажет» делінген Жолдауда.

Демек, Президенттің бұл мәлімдемесі – қоғамды жауапкершілікке шақырған нақты үндеу. Шынымен де, әрбір азамат жолда өз әрекетінің салдарын түсініп, басқалардың өміріне қауіп төндірмеуді басты қағида етіп ұстанса, онда жол апаттары едәуір азаяр еді. Дейтұрғанмен, жол-көлік оқиғаларын азайту үшін жүргізушілердің жауапкершілігімен қатар, полиция қызметкерлері мен бақылаушы құрылғылардың да үйлесімді жұмысы қажет.

Мысалы, «Сергек» камералары жұмыс істеген уақытта Астана қаласында жол апаты салдарынан болатын өлім-жітім 50%-ға, қоғамдық орындарда қылмыс 40%-ға азайған деген мәлімет бар. Демек, қатаң бақылауда оны бірден-бір тежейтіні белгілі.

TOR ПЛАТФОРМАСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қазіргі таңда Қазақстанда жол қауіпсіздігінің бірыңғай цифрлық платформасы – TOR іске қосылды. Бұл жоба – Мемлекет басшысының барлық бақылау камераларын және тану жүйелерін біртұтас цифрлық экожүйеге біріктіретін ұлттық «Қауіпсіз қала» платформасын құру жөніндегі тапсырмасын орындауға бағытталған алғашқы қадам. TOR платформасы деректерді төрт негізгі көзден жинақтайды: қалалар мен тас жолдардағы стационарлық кешендерден, патрульдік полицияның мобильді бекеттерінен, дрондардан және өзге де қосылған жүйелерден. Жүйе өңірлер, оқиға түрлері және уақыт кесіндісі бойынша талдау жасап, апат жиі болатын нүктелерді анықтауға, қауіпті жүргізушілерді тіркеуге, сондай-ақ үзіліссіз сегіз сағаттан артық көлік жүргізіп отырған тұлғаларды бақылауға мүмкіндік береді.

«TOR – бұл бүкіл ел ауқымында жол қауіпсіздігін басқаруға арналған заманауи құрал. Жүйе тек заңбұзушылықтарды жедел тіркеп қана қоймай, ықтимал қауіп-қатерлерді алдын ала болжап, жол-көлік оқиғаларының алдын алып, адам өмірін сақтап қалуға көмектеседі» дейді Ішкі істер министрлігінің Ақпараттандыру және байланыс департаментінің бастығы Сергей Варго.

Жаңа платформаның басты ерекшелігі – деректерді біріктірудің бірыңғай стандарты, оқиғаларды орталықтандырылған визуализациялау мүмкіндігі және бір қаладан бүкіл республика деңгейіне дейін кеңейту әлеуеті. TOR архитектурасы Big Data және BI-талдау технологияларын қолдануға дайын.

«TOR – әртүрлі дереккөздерден ақпарат жинап, жол жағдайының толық картинасын қалыптастыра алатын әмбебап цифрлық орта. Біз «Сергек» жүйесін әзірлеу және пайдалану бойынша жылдар бойы жинаған тәжірибемізге сүйендік. Сондықтан платформаның архитектурасы бастапқыда Қазақстанның ерекшеліктерін ескеріп жасалды және біздің жағдайға оңай бейімделеді. Бұл барлық жол қауіпсіздігіне жауапты тараптарға арналған бірыңғай жұмыс стандартын қалыптастырады» дейді Sergek компаниясы – TOR платформасын әзірлеуші ұйымның бас директоры Евгений Ким.

Ал Астана қаласы Әкімшілік полиция басқармасының мәліметінше, 2025 жылдың алғашқы сегіз айындағы қауіпсіздік статистикасы мынадай: жыл басынан бері 1306 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Оның салдарынан 24 адам қаза тауып, 1621 адам әртүрлі дәрежедегі дене жарақаттарын алған. Сондай-ақ камералардың көмегімен 1 миллионнан астам жол қозғалысы ережесін бұзу дерегі анықталған. Сонымен бірге, қалада «Ekin Patrol G2» мобильдік аппараттық-бағдарламалық кешендері де жұмыс істеп тұр. Тек осы сегіз айдың өзінде олардың көмегімен 88 мыңға жуық құқық бұзушылық тіркелген. Яғни, қалада қауіпсіздікті арттыру, жол-көлік оқиғаларының алдын алу бағытында бірқатар жұмыстар жүргізіліп жатыр. Мәселен, жол қауіпсіздігі деңгейін көтеру мақсатында 731 жол тексеруден өтіп, соның нәтижесінде 1203 нұсқама берілген. Жолдардың және қозғалысты реттейтін техникалық құралдардың жағдайын тексеру барысында 1915 кемшілік анықталған.

«Бұл олқылықтарды жою үшін 620 жол белгісі жөнделді, қоршаулар, көшелерді жарықтандыру және асфальт жабындысы 280-нен астам учаскеде қалпына келтірілді. Сонымен қатар, бағдаршамдардың жұмыс режиміне және қиылыстардағы қозғалыс бағытына өзгерістер енгізілді. Қозғалыс өткізу қабілетін арттыру үшін Ұлы Дала даңғылынан әл-Фараби даңғылына солға бұрылыс жойылды. Сондай-ақ Ұлы Дала даңғылының бойында жаяу жүргіншілерге арналған бағдаршам алдында қауіпсіз айналым орны қалыптастырылды. Бұл №95 мектептің жаяу және автокөлік қатынасын жеңілдетті. Ал №86 және №26 мектептердің, сондай-ақ Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Binom» білім беру орталығының маңындағы реттелмеген қиылыстар мен жаяу жүргіншілер өтетін жерлерде жаңа бағдаршамдық объектілер орнатылды. Бұдан бөлек, қоғамдық көлік жүргізушілерінің тәртібін күшейту үшін «Автобус», «Тасымалдаушы», «Қауіпсіз жол» сияқты жедел-профилактикалық іс-шаралар өткізілді» дейді Астана қаласы Әкімшілік полиция басқармасының баспасөз қызметі.

Жалпы айтқанда, жолдағы әрбір адамның өмірі – баға жетпес құндылық. Сол себепті жол-көлік ережелерін сақтау – заң талабы ғана емес, адамдық жауапкершілік. Қай кезде де әрбір жүргізуші мен жаяу жүргінші тәртіпке бағынса, апат азаяды, қоғамның қауіпсіздігі артатыны анық.



ЕРЕКШЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІК

Астана тұрғындары үшін қалада тағы бір қоғамдық кеңістік ашылды. Ол Сарайшық ауданының Р.Қошқарбаев – Тәуелсіздік даңғылдары мен А.Байтұрсынов көшесі аралығындағы аумақта орналасқан.

Жалпы биыл Астанада абаттандыру жұмысы қарқынды жүріп жатыр. Сарайшық ауданы әкімінің орынбасары Шұғыла Құдайбергеннің айтуынша, аудан аумағында тұрғындарға қолайлы жағдай жасау үшін бірқатар аула мен қоғамдық кеңістік жаңартылды.

– Ауданымызда биыл «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында 15 ауланы абаттандырумен қатар, жаңадан 3 кеңістік пайдалануға берілді. Оның бірі Жүргенов көшесінің бойындағы «Жұмысшы мамандықтар жылына» арналған аллея болса, енді, міне, Р.Қошқарбаев – Тәуелсіздік даңғылдары мен А.Байтұрсынов көшесі үшбұрышындағы кеңістік те жаңа кейіпке енді. Тағы екеуінде жұмыс жүріп жатыр. Сонымен бірге, төртінші қоғамдық кеңістік – «Bravo Family» тұрғын үй кешені мен №93 мектеп-лицей жанында абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Әсіресе жаңа қоғамдық кеңістік құлпырып шыға келді. Оның үстіне, тұрғындардың қолайлылығы үшін 3 мың шаршы метр автотұрақ жасақталып, орындықтар қойылды, – деді аудан әкімінің орынбасары.

Көгалдандыру жұмысы аясында ауданда 140 түп ағаш отырғызылып, тағы 90 ағаштың орны дайындалды. Бұл аумақ гүлмен де көмкеріле түскен. Мәселен, биыл аумаққа 3500 сәндік гүлді бұта егілді. Балалар мен жасөспірімдер үшін шағын сәулет нысандары қойылып, бұл кеңістік нағыз демалыс орнына айналды.

Жалпы, Сарайшық ауданында экологиялық айлық шеңберінде 4 мың ағаш отырғызу жоспарланған. Жыл соңына дейін аудан аумағында 10 мыңнан астам ағаш пен 20 мың бұта егілмек. Осылайша, жаңа қоғамдық кеңістіктер мен жасыл желек тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға және қаланың көркін айшықтай түсуге ықпал етпек.

КҮЗДЕ ӨРТТЕН САҚ БОЛЫҢЫЗ!

Күз келіп, күн салқындаған сайын, тұрғындар үй ішін жылыту үшін пеш жағa бастайды. Алайда дәл осы мезгіл – өрт қаупі артатын кезеңнің бірі. Сондықтан жылыту маусымы басталғанда, әр азамат өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтауы қажет.

Пеш жағу алдында не істеу керек? Алдымен пеш пен мұржаны тексертіңіз. Жылыту маусымы басталар алдында пеш пен түтін мұржасының бүтіндігін, жарықтар мен сызаттардың жоқ екенін мұқият тексеру қажет. Мұржада жиналған күйені тазарту – өрттің алдын алудың ең маңызды шараларының бірі.

Жанғыш материалдардыештен алшақ ұстаңыз. Пештің маңында тез тұтанатын заттарды, жиһазды немесе отын үйіндісін сақтауға болмайды. Пеш алдындағы жерге темір табақша (металл қағаз) төселуі тиіс. Сондай-ақ балаларды қараусыз қалдырмаңыз. Пеш жанында кішкентай балалардың ойнауына жол беруге болмайды. Бұл олардың өміріне де, мүлікке де қауіп төндіруі мүмкін.

Пешті түнде немесе қараусыз жақпаңыз. Ұйықтар алдында және үйде ешкім қалмайтын кезде пешті жағуға тыйым салынады. Бұл – жиі кездесетін өрт себептерінің бірі. Сақтық құрылғыларын орнатыңыз. Қажет болса, көміртегі тотығын анықтайтын детекторлар мен өрт сөндіргіш құралдарды үйіңізде орнатып қойыңыз.

Төтенше жағдайлар қызметінің мәліметінше, жыл сайын күзгі-қысқы кезеңде тұрғын үйлерде болатын өрттердің 60%-ы пешті дұрыс қолданбау салдарынан орын алады. Бұл – тек материалдық шығын ғана емес, адам өміріне төнетін үлкен қауіп.

Пеш – жылу көзі, сонымен қатар тиісті қауіпсіздік сақталмаса, қауіпті нысанға айналуы мүмкін. Сондықтан күзгі маусымда пешпен жылыту кезінде өрт қауіпсіздігін ұмытпайық! Әр азамат өзінің және жақындарының қауіпсіздігіне жауапты екенін естен шығармауы тиіс. Сақтық – саулық негізі!

Дария БАЙЗУЛОВА,
Астана қаласы ТЖД
Алматы ауданы Төтенше жағдайлар басқармасының бас маманы, азаматтық қорғау аға лейтенанты

№119 (4863) 09/10/2025 Бейсенбі

ТЕМІРЖОЛДАҒЫ ӨМІР ЖОЛЫ



Теміржолшы – тыныштықты білмейтін, өмірі үнемі қозғалыста өтетін жан. Оның күнделікті еңбегі – пойыздардың қауіпсіз, дәл әрі уақытылы қозғалысын қамтамасыз ету. Аяз сіресіп, қар белден асқанда, теміржолшы күрегін қолына алып, жолды қардан тазартады. Суық жел оның бетін қарып өтсе де, жүрегіндегі ыстық жауапкершілік оты оны алға жетелейді. Қас қарайса да, таң атпаса да, оның жұмысы тоқтамайды. Ол уақытпен емес, міндетпен өмір сүреді. Міне, сондай ауыр міндет арқалап жүрген азаматтың бірі – астаналық Наурызбай Сүлейменов.

Шапағат ӘБДІР

Тегі ақтөбелік теміржолшылар әулетінен шыққан Наурызбай Сәрсенұлының өмір жолы – нағыз еңбек пен адалдықтың үлгісі. Балалық шағынан ата-анасы мен ағасының теміржолда еңбек еткенін көріп өсіп, сол жолды жалғастыруды армандаған ол мектепті тәмамдаған соң, бірден еңбекке араласқан. Өзі – 40 жылдан астам уақытын осы салаға жұмсаған жол жөндеуші, жол бапкері, жол шебері, диспетчер, учаске бастығы, инженер-технолог. Отбасы да түгелдей теміржолмен байланысты. Жолдасы да өмір бойы осы салада экономист, бухгалтер, диспетчер болып қызмет атқарып, өткен жылы зейнетке шыққан. Ал ұлдары ата-анасының ізін жалғап, бүгінде теміржол саласында қызмет атқаруда. Шын мәнінде, Наурызбай Сәрсенұлының өмір жолы бір әулеттің бірнеше буыны теміржолға деген сүйіспеншілікті, еңбекке деген адалдықты ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келе жатқанын айқын дәлелдейді.

– Жұмысымызда ауыртпалық болмайды емес, болады. Бірақ, бәлкім, етіміз үйреніп кеткендікі ме, өзімізге қызық болып көрінеді. Нақты міндетіміз жол қозғалысы қауіпсіздігін қадағалау ғой. Таңнан кешке дейін рельстерді тексеріп, ақаулардың бар-жоғын анықтаймыз. Ауа райы күрт бұзылатын күндер болады. Жазда аптап ыстық болып, қыста боран соғады. Мұндайда жолды екі есе бақылауға аламыз, кезекші қоямыз. Өйткені табиғаттың тосын мінезі жол қатынасына үлкен қауіп төндіруі мүмкін. Мәселен, қалың қар түссе, пойыздардың бағытын бұрып отыратын бұрмалар істен шығуы мүмкін. Бұл салада істейтін адамдарға шыдамдылық және асқан жауапкершілік қажет. Себебі адам өмірі мен пойыздардың қауіпсіздігі жұмысымыздың сапасына байланысты, – дейді кейіпкеріміз.

Наурызбай Сүлейменовтің отбасы осыдан 3 жыл бұрын ел ордасы – Астанаға қоныс аударған. Мұнда келген соң, байырғы теміржолшы ауыстыру әдісімен «Қазақстан темір жолы» компаниясына қарасты Астана маңындағы «Қырқыншы» стансасындағы ПЧ-17 мекемесіне жол шебері болып орналасты.

«Қырқыншы» стансасында ПЧ-17 мекемесінде 45 бұрма бар. Мамандар күн сайын рельстің әрбір 6-8 шақырымын өлшеп отырады. Бұл жолдармен «Тальго» жүрдек пойызы, жолаушылар пойызы мен жүк пойыздары өтеді. Көптеген сұрыптау, маневр жұмысы осы стансада атқарылады.

– Қарамағымдағы 14 жол жөндеушімен бірге осы жұмыстарды еңсереміз. Рельстегі ақауларды табуға жол бапкері, жол шебері, учаске бастығы мен орынбасары, жол өлшеуші шебер – бәрі де жұмған жұдырықтай кіріседі. Бұл – шартты түрде істелетін жұмыс. Шаблон, штангенциркуль сияқты аспаптарымызбен жолды өлшеп, ретке келтіріп отырамыз. Бұдан басқа жол өлшемін диагностикалайтын вагон рельспен жүріп өткен соң, техника тапқан ақауларды ретке келтіреміз. Жолдың арақашықтығы, рельстердің енін реттеп, қайта шегелейміз. Қажет кезінде кезекші қосалқы стансадан пойызды белгілі уақытқа тежей тұруды сұрап, жөндеу жұмысын атқарамыз. Көктем мен күзде маусымды рельстерімізді уақытылы ауыстырып тұрамыз. Маусымды рельс дегеніміз – ұзындықтары әртүрлі рельстер. Мәселен, жазда рельстер ұзарады, қысқа қарай қысқарады. Осы жолдардың бойымен қаншама млн тонна жүк пойызы өтетіндіктен рельстер тозады, сондықтан оларды жаңасына айырбастаймыз, бұрмаларды қайта ауыстырамыз, – дейді теміржолшы.

Оның айтуынша, теміржол бойындағы жұмыстар жаңа техника мен технологияның енгізілуімен біршама жеңілдеген. Мысалы, ол теміржолда еңбек жолын бастаған кезде әртүрлі ұзындықтағы рельстер, түйіспесіз рельстер, темір-бетонды шпалдар болмаған. Әрі көп жұмысты бұрын теміржолшылар білектің күшімен жасаса, қазір біраз шаруа техниканың күшімен істеледі. Осылайша, өз жұмысын тұтас өмірінің мәні мен мақтанышына айналдырған еңбек адамы – қашанда біздің мақтанышымыз!

МІНДЕТІНЕ АДАЛ МЕЙІРБИКЕ

Кеңес заманында шопан, сауыншы, трактористі, т. б. осы секілді қарапайым еңбеккерлер қадірлі еді. Мәселен, сол кезде Жазылбек Қуанышбаев, Сағила Есенжолова, Ыбырай Жақаев, Кәмшат Дөненбаева есімдері бүкіл Одаққа дүркіреді. Олардың біреуі «ел жайлауы» Мойынқұмда, біреулер Арқа өңірінде, біреулер Сыр елінде еңбек даңқын асырды. Жалпы еліміздің кез келген аймағында еңбектің осындай қара нарлары табылатын. Аттары аталған адамдардың бәрі де Социалистік Еңбек Ері атанды. Бұл қатарда жүз саулықтан 140-150-ден қозы алып, осы атақты иеленген Сатан Ысқақов есімі де аталады. Бұлардың ұрпақтары да қазір өз ісімен мемлекетіміздің дамуына шама-шарқынша үлес қосып жүр. Биылғы «Жұмысшы мамандықтары жылында» солардың есімін жұртқа танытқан жөн. Бүгінгі әңгіміміз де Сатан Нұрғожаұлының немересі Фариза Сембаева жайлы болмақ.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Қарағанды қаласындағы медицина колледжінің түлегі Фариза елордадағы City емханасында учаскелік медбике болып жұмыс істейді. Бұл қызметке 2020 жылы қабылданды. Сол уақытта бүкіл әлемді індет жайлап алғаны белгілі. Бұл кезеңде жылжымалы бригада құрамында жанкештілікпен жұмыс істеді. Қауіпті індет өршіп тұрған сындарлы кезеңде басын бәйгеге тігіп, науқастардың үйіне дейін барып, кәсіби міндетін адал атқара білді. Оған дәлел ретінде өзімді айта аламын. Індетке шалдыққанымда дәл осы Фариза үйге келіп, екпе салып, жанымды алып қалды. Осы қызметі және City емханасының дамуына қосқан үлесі үшін сол кездегі қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Тимур Мұратовтың алғыс хатымен, еліміздің денсаулық сақтау жүйесіндегі жемісті еңбегі мен елорданың медицина саласының өрлеуіне қосқан үлесі үшін құрмет грамотасымен марапатталды. Жалпы осындай марапаттары жеткілікті. Еңбек жолын Қарағандыдағы №2 емханасында учаскелік медбике болып бастады. Сол кезде «Қазақстан-2050» стратегиясын іске асыруда жастардың рөлі» сұхбат алаңында үлгілі жас маман ретінде аталды. Кәсіподақ ұйымы да еңбегін атап өтті. Фариза осымен тоқтамай, мамандығы бойынша ізденіс жолына түсті. Нутрициология, яғни дұрыс тамақтану бойынша қосымша ізденіп, білігін арттыруға ұмтылып жүр.

Отбасында – жақсы жар, инабатты келін, ардақты ана. Енесі Оңал Өмірзақова – ұлағатты ұстаз. Зейнетке шыққан соң да 67 жасына дейін мектепте орыс және ағылшын тілдерінен 44 жыл бойы сабақ берді. Фариза осындай еженің тәрбиесін көріп келе жатыр.

Өмірлік қосағы Ернат Мәлсұлының есімін жұрт бірша-мма біледі деп ойлаймыз. Ұзақ қашықтыққа бірнеше велошеру өткізген ол ұлы Абайдың 175 жылдығы тұсында Астанадан Жидебайға дейін велосипедпен барып қайтты. Бір веложорығын ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арнады. Елімізден тыс шығып, Түркияға дейін барды. Онда даңқты спортшы Мұстафа Өзтүріктің есімін насихаттады. Биыл АҚШ-қа сапарлап, сол елді велосипедпен біраз аралады. Жидебайдың топырағын алып, Мэриленд штатында мәңгілікке дамыл тапқан классик қаламгер Мұхтар Мағауиннің зиратына салды. Ернат – «Ағылшынша тіл сындыру» кітабының да авторы. Осындай жетістіктерге ештеңеге алаңдатпайтын анасы мен жарының қолдауының арқасында жетіп жүр. Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның келесі жылғы 160 жылдығына жоспар жасап қойды. Сәтімен жүзеге асуына тілектеспіз.

Бұл шаңырақта Қасым және Бәдрисафа есімді қос құлыншақ өсіп келе жатыр. Әжесі мен ата-анасы оларды нағыз қазақы рухта тәрбиелеуде. Қасым бестемше ойынын меңгеріп, біраз жетістікке жетті. Ал Ахмет Байтұрсынұлы жарының есімін иеленген Бәдрисафа – әлі балабақша тәрбиеленушісі. Фаризаның өзі өнерден қара жаяу емес, әнді тамылжыта салады. Осы жолды қуса, біраз биікке жетер еді деп ойлаймыз. Бірақ медицинаны таңдады. Нәсібі мол болсын!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы еңбек адамының мәртебесін көтеру мен еңбексүйгіштік құндылықтарын дәріптеуді мемлекеттік саясаттың негізгі басымдығының бірі ретінде айқындап берді. Қарапайым еңбек адамдары үшін жаңа мемлекеттік марапаттар енгізіліп, 2025 жыл Жұмысшы мамандықтары жылы болып жарияланды. Нәтижесінде еңбек адамына қолдау көрсетудің арнаулы жобалары жүзеге асырылуда.

ЖАСӨСПІРІМДІ ЕҢБЕККЕ ҚАЛАЙ ТАРТАМЫЗ?

Бұл бағыттағы жүйелі жұмыстың негізі – азаматтарды ерте жастан еңбекке баулу, мектеп қабырғасынан бастап еңбек машығын қалыптастыру. Аталған бастама әлемдік тәжірибеге толық сәйкес келеді. Мәселен, Жапония, Корея, Қытай елдерінде дәл осындай тәсілдер арқылы жастардың еңбекке деген құрметі мен жауапкершілігі қалыптасады.

Үйірмеден де, еңбектен де тыс қалған жасөспірімдер уақытын тек гаджетке арнап, көше кезіп, түрлі қауіп-қатерге тап болады. Бұл – экономика мәселесі ғана емес, ең алдымен, құндылықтар қағидаты. Қазіргі таңда елімізде 16 жастан асқан 2 миллионнан астам жас өрен бар. Олардың ішінде еңбек еткісі келетіндері аз емес, бірақ жұмыс берушілердің есігі жабық. Иә, Еңбек кодексі жасөспірімдермен 16 жастан бастап, ал ата-анасының рұқсатымен 14 жастан бастап еңбек шартын жасасуға мүмкіндік береді. Бірақ іс жүзінде бұл норма толық жұмыс істемейді. Көптеген жұмыс берушілер оларды қызметке алудан, тіпті практикаға қабылдаудан тартынады. Неге бұлай болды, енді не істеу керек?

Бірінші мәселе: сақтандыру. Қолданыстағы міндетті сақтандыру жүйесі тек кәмелетке толғандарға ғана қолданылады. Ал жасөспірімдер құқықтық қорғансыз қалады. Соның салдарынан олар көбіне «көлеңкелі» жұмыспен айналысады: курьер, даяшы, жеткізуші болып еңбек етеді. Бірақ ешқандай еңбек құқығы қорғалмайды. Сондықтан жұмыс істейтін жасөспірімдерге арналған жаңа сақтандыру класы енгізілуге тиіс. Осы мәселе бойынша арнайы заңға енгізілетін түзетулерді дайындадық.

Үйірмеден де, еңбектен де тыс қалған жасөспірімдер уақытын тек гаджетке арнап, көше кезіп, түрлі қауіп-қатерге тап болады. Бұл – экономика мәселесі ғана емес, ең алдымен, құндылықтар қағидаты. Қазіргі таңда елімізде 16 жастан асқан 2 миллионнан астам жас өрен бар. Олардың ішінде еңбек еткісі келетіндері аз емес, бірақ жұмыс берушілердің есігі жабық. Иә, Еңбек кодексі жасөспірімдермен 16 жастан бастап, ал ата-анасының рұқсатымен 14 жастан бастап еңбек шартын жасасуға мүмкіндік береді. Бірақ іс жүзінде бұл норма толық жұмыс істемейді. Көптеген жұмыс берушілер оларды қызметке алудан, тіпті практикаға қабылдаудан тартынады. Неге бұлай болды, енді не істеу керек?

Бірінші мәселе: сақтандыру. Қолданыстағы міндетті сақтандыру жүйесі тек кәмелетке толғандарға ғана қолданылады. Ал жасөспірімдер құқықтық қорғансыз қалады. Соның салдарынан олар көбіне «көлеңкелі» жұмыспен айналысады: курьер, даяшы, жеткізуші болып еңбек етеді. Бірақ ешқандай еңбек құқығы қорғалмайды. Сондықтан жұмыс істейтін жасөспірімдерге арналған жаңа сақтандыру класы енгізілуге тиіс. Осы мәселе бойынша арнайы заңға енгізілетін түзетулерді дайындадық.

Екінші мәселе: бақылау. Қазір жасөспірім қызмет ететін кәсіпорын автоматты түрде тексеріске ұрынады және қосымша әкімшілік кедергілерге тап болады. Көптеген кәсіпорын санкциядан қауіптеніп, оларды қабылдамайды. Мысалы, дуальды оқыту жүйесіндегі колледж студенттері практикаға шыға алмаған – кәсіпорын 16 жастағыларды қабылдаудан бас тартқан. Сондықтан бақылау алгоритмін қайта қарау қажет: ол қорқыту емес, қолдау тетігі болуы керек.

Үшінші мәселе: жұмыс берушілерді ынталандыру. Кәмелетке толмаған, бірақ еңбек еткісі келетін жастарды қолдау үшін жұмыс берушілерді ынталандыру қажет. Мысалы, жасөспірімдердің жалақысына кеткен шығындарды салықтық шегерімге жатқызу немесе дуальды оқыту арқылы жұмысқа қабылдағандарды қолдау тетіктерін қарастыру керек.

Төртінші мәселе: өз-өзін жұмыспен қамтыған жастар. Қазірдің өзінде репетитор, кеңесші, бағдарламашы, курьер ретінде табысты еңбек етіп жүрген жасөспірімдер бар. Олар үшін «Өз-өзін жұмыспен қамтыған жастар» арнаулы мәртебесін енгізу қажет. Еңбектері есептеліп, мемлекет тарапынан әдістемелік қолдау көрсетілуге тиіс. Мектеп қабырғасынан бастап жинақталған ресми еңбек өтілі үшін (мысалы, 100 сағаттан бастап) колледждер мен ЖОО-ға түсу кезінде қосымша балл беру секілді тетіктерді қарастыру керек. Мұндай тәсіл жасөспірімнің еңбегін қарапайым табыстан стратегиялық инвестицияға айналдырады.

Бесінші мәселе: «Jas enbek» цифрлық платформасы. Жұмысқа орналасуға арналған бір терезе қағидаты: жасөспірімдер бос жұмыс орындарын көреді, еңбек құқығы бойынша онлайн-курстан өтеді, цифрлық еңбек кітапшасын жүргізеді. Жұмыс берушілер келісімшартты бірнеше қадам бойынша рәсімдейді. Мемлекеттік органдар деректерді автоматты түрде жинап, артық тексеріссіз заң бұзушылықтарды көреді.

Алтыншы мәселе: мотивация және бедел. «Өңірдің үздік жас қызметкері» байқауын енгізу керек. Жеңімпаздарға әкімдіктер тарапынан берілетін жыл сайынғы сыйлықтар мен марапаттар еңбексүйгіш жасөспірімдерді ынталандыру құралына айналады. Аталған іс-шаралар еңбек етіп жүрген жасөспірімдердің қауіпсіздің және еңбек құндылықтарын нығайта түсуге жол ашады.

Нартай СӘРСЕНҒАЛИЕВ,
Мәжіліс депутаты

№119 (4863) 09/10/2025 Бейсенбі



ЖАСТАР ШЕТЕЛГЕ НЕГЕ КЕТЕДІ?

Жаһандану дәуірінде «ақылдар көші» (brain drain) көптеген мемлекет үшін күрделі сын-қатерге айналды. Жас мамандар білім мен тәжірибе алу, жоғары жалақы мен жақсы өмір сүру жағдайын іздеп шетелге кетеді, бұл – әлемдік құбылыс. Дамушы елдер үшін бұл мәселе ерекше өзекті, өйткені білікті кадрлардың жоғалуы еңбек нарығында теңгерімсіздікке алып келеді. Қазақстан да осы үрдістен тыс қалған жоқ. Халықаралық көші-қон ұйымы (IOM), Дүниежүзілік банк (World Bank) және ЮНЕСКО деректеріне сәйкес, миллионнан астам қазақстандық өз елінен тысқары жерде өмір сүруде.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев жыл басында «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында жастардың білім алу немесе кәсіби өсім үшін шетелге шығатынын, бұл жаһандану үдерісінің бір белгісі екенін атап өтті. Қазіргі таңда жастар үшін шекара кедергі емес. Кәсіби білім мен дағдысына сәйкес лайықты табыс пен мансаптық өсу іздеген жастар халықаралық еңбек нарығына белсенді түрде бет бұруда. Мысалы, Google сияқты алпауыт компанияда 50-ден астам қазақстандық маман түрлі салада табысты еңбек етуде (LinkedIn дерегі).

Бұл үрдістің негізгі себептерінің бірі – ішкі еңбек нарығындағы шектеулер. Қазақстанда жоғары білікті мамандарға арналған ұсыныстар әлі де аз, кәсіби дамуға жағдай жеткіліксіз. Әсіресе IT және инженерия саласында бұл айқын байқалады. Мұндай құбылыс тек Қазақстанға ғана тән емес. Мысалы, Үндістан мен Филиппинде IT мамандары шетелдік нарыққа кеңінен шығып отыр. Алайда бұл елдер кейіннен «репатриация саясатын» енгізіп, мамандарды елге қайтару үшін арнайы бағдарлама қабылдады.

Екінші маңызды фактор – білім алу мен тәжірибе жинау мүмкіндігі. Шетелдің озық университеттері мен ғылыми орталықтары заманауи білім беріп қана қоймай, халықаралық тәжірибе қалыптастырады. Бұл қазақстандық студенттер мен жас мамандарға кәсіби білігін арттыруға, жаңа технологияларды меңгеруге және халықаралық жобаларға қатысуға жол ашады. Сол сияқты тәжірибе Оңтүстік Корея мен Қытайда да байқалады. Дегенмен бұл елдер жастарын елде ұстап қалудың тиімді жолын тапқан. Мысалы, 2008 жылы Қытай үкіметі «Мың талант жоспары» бағдарламасын іске қосты. Бағдарламаның мақсаты – шетелде білім алған өз азаматтарын және шетелдік үздік мамандарды елге тарту. Қатысушыларға жоғары жалақы, ғылыми гранттар, тұрғын үй субсидиялары және виза жеңілдіктерін ұсынылады. Осы шараның арқасында Қытай алғаш рет ерекше қабілетті шетелдік ғалымдарға ұзақ мерзімді виза беруге мүмкіндік алды. Тіпті Нобель лауреаттары мен Филдс медалі иегерлері де елге тартылды. 2008-2018 жылдар аралығында 7 мыңнан аса жоғары білікті маман елге оралды, бұл Қытайдың ғылыми-зерттеу әлеуетін едәуір арттырды.

Үшінші фактор – жалақы деңгейі мен әлеуметтік жағдай. Қазақстандағы орташа еңбекақы мен әлеуметтік кепілдік дамыған елдермен салыстырғанда айтарлықтай төмен. Мәселен, Польша мысалын алайық. Валюта айырмашылығы бойынша 1 злотый шамамен 115 теңгеге тең. Қазақстанда орташа айлық жалақы – 398 мың теңге немесе шамамен 820 доллар. Ал Польшада бұл көрсеткіш – 7800 злотый, яғни 1950 доллар көлемінде. Демек, поляк азаматтарының табысы да, сатып алу қабілеті де қазақстандықтарға қарағанда екі есеге жуық жоғары. Сондықтан жоғары білікті мамандардың шетелге кету үрдісі белең алуда. Егер бұл жалғаса берсе, кадр тапшылығы орын алып, инновациялық даму қарқыны баяулап, демография теңгерімі бұзылуы мүмкін. Бұл мәселеге Балтық елдері мен Шығыс Еуропа да тап болды. Олар еңбек нарығын тұрақтандыру үшін жастардың елде қалуына жағдай жасап, еңбекақыны кезең-кезеңімен көтеру, әлеуметтік пакет пен тұрғын үй бағдарламасын жетілдіру арқылы нақты нәтижеге қол жеткізді. Эстония халық саны аз мемлекет болғанымен, еңбек миграциясы мәселесін айқын сезінді. 2000-жылдардың басында көптеген жас азамат жоғары табыс пен кәсіби тәжірибе іздеп шетелге кеткен болатын. 2010-жылдардың ортасында үкімет бұл үрдісті өзгерту мақсатында арнайы бағдарлама қабылдады. Бірінші бағыты диаспора өкілдерін елге қайтаруға бағытталды. Екінші бағыты цифрлық экономиканы дамыту, стартап инфрақұрылымын жетілдіру, жас мамандар үшін өмір сапасы мен тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру шараларын қамтыды. Нәтижесінде Балтық елдерінің ішінде көші-қон сальдосы оң көрсеткішке қол жеткізген жалғыз ел – Эстония. Сондықтан Қазақстан үшін басты міндет – жастардың кәсіби дамуын қолдайтын, білім сапасын арттыратын және еңбек жағдайын жақсартатын кешенді саясат қалыптастыру. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, жастардың елде қалуы мемлекеттің тұрақты дамуы мен қоғамның өркендеуіне тікелей әсер етеді.

МӘСЕЛЕНІ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Сыртқы істер министрлігі Халықаралық ақпарат комитеті төрағасының орынбасары Дәурен Әбдіхадіровтің мәліметінше, қазақстандық жастардың шамамен 1,50-1,61 пайызы шетелде білім алуда. 2023 жылы 84 мыңнан астам жас шетелдік жоғары оқу орындарына қабылданған. Олардың 80 пайызы өз қаражатына оқыса, қалған бөлігі халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттердің үкіметтік гранттары негізінде білім алуда. Негізгі бағыттар – Ресей (50-55 мың студент), Қытай (12-17 мың студент), Еуропа елдері, АҚШ және Оңтүстік Корея (шамамен 2-5 мың студент).

Дамыған елдерде 18-35 жас аралығындағы жастардың орта есеппен 1,6 пайызы шетелде білім алады. Мысалы, АҚШ-та бұл көрсеткіш – 0,05 пайыз, Германияда – 1,6 пайыз, Францияда – 1,09 пайыз. АҚШ-тағы төмен көрсеткіш – ішкі жоғары білім беру жүйесінің қуатты дамуының нәтижесі.

Экономикалық даму деңгейі мен тарихи-мәдени контексті ұқсас Польшада бұл көрсеткіш 0,66 пайыз болса, көршілес Өзбекстанда – 1,62 пайыз. Яғни жастардың шетелдің озық оқу орындарында білім алуға немесе тәжірибе жинауға ұмтылысы тек Қазақстанға ғана тән емес, бұл – әлем елдерінде кең таралған құбылыс. Алайда басты мәселе – жастардың алған білімін өз елінде тиімді қолдануына жағдай жасау.

Ғылым және жоғары білім министрлігі Халықаралық ынтымақтастық департаменті директорының орынбасары Мейірбек Ізбасардың сөзінше, 2024-2025 оқу жылына ведомство үкіметаралық келісім шеңберінде шетелде оқуға 352 қазақстандық азаматты ұсынды. Қазіргі уақытта «Болашақ» бағдарламасы аясында оқу мониторингінде 1344 стипендиат бар.

Әлеуметтік зерттеулерге сәйкес, шетелде білім алып жүрген қазақстандық студенттердің 41 пайызы оқу аяқталған соң елге оралуды жоспарламайды. Ал 2017 жылғы деректер бойынша шетелде оқитын студенттердің 42 пайызы студенттік визасын жұмыс визасына ауыстырған. Бұл жастардың елеулі бөлігі еңбек нарығына тікелей шетелде араласуды көздейтінін көрсетеді.

UNESCO деректеріне сәйкес, 2022 жылы Қазақстан шетелде білім алатын студенттердің жалпы саны бойынша әлемде 15-орынды, ал халық санына шаққанда 3-орынды иеленді. Яғни әрбір 250-інші Қазақстан азаматы шетелдік жоғары оқу орнында білім алуда. Бұл, бір жағынан, қазақстандық жастардың жаһандық деңгейде бәсекеге қабілетті білім алуға ұмтылысын көрсетсе, екінші жағынан, ел ішінде білім беру сапасын арттырудың және еңбек нарығын жетілдірудің өзектілігін айқындайды.

Шетелде білім алған жастар елге оралған жағдайда, білім мен тәжірибе елге берілуіне мүмкіндік туады. Дамыған мемлекеттердің тәжірибесі көрсеткендей, осындай стратегия елдің инновациялық әлеуетін арттырып, ғылым мен технология саласын дамытуға серпін береді. Алайда керісінше жағдайда, яғни жастардың басым бөлігі елге оралмаса, бұл «ақылдар көші» құбылысының күшеюіне әкеледі. Оның салдары еңбек ресурсының тапшылығы, инновация жобаларының баяулауы және ұлттық экономиканың өсу қарқынына теріс әсер етеді. Осыған байланысты мемлекет үшін маңызды міндет – жастардың шетелде алған білімі мен тәжірибесін Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына бағыттау. Ол үшін түлектерді елге қайтаруға ынталандыратын тиімді тетікті енгізу қажет. Мысалы, оралған мамандарға ғылыми-зерттеу жобаларына грант бөлу, еңбек нарығында сұранысқа ие позицияға орналастыру, тұрғын үй бағдарламасына қолжетімділікті қамтамасыз ету және кәсіби өсуге жағдай жасау осындай саясаттың негізгі бағыттары болуы мүмкін.



P.S: ***Жастардың шетелге кетуі – тек статистика емес, елдің болашағына тікелей қатысты стратегиялық мәселе. Бұл құбылыс еңбек нарығына, инновациялық даму қарқынына және елдің ұзақ мерзімді тұрақтылығына әсер етеді. Мемлекет үшін басты міндет – жастардың кәсіби дамуына жағдай жасап, білім сапасын арттыру және еңбек нарығын бәсекеге қабілетті ету. Тиімді ынталандыру саясаты ғана жастардың елде қалуына және шетелден оралған мамандардың әлеуетін ел игілігіне бағыттауға мүмкіндік береді.***

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

ҚАРЫЗ БЕРУГЕ ҚҰМАРЛАР КӨП...

Таяуда «Халық банк» қызметкерімін» деп бір бойжеткен телефон шалды. «Біз жалпы сомасы 8 миллион теңгені құрайтын ұтыс ойынын өткізіп жатырмыз. Шарт – 100 мың теңгеден жоғары несие алсаңыз болғаны. Қарыз алып, тәлейіңізді сынап көрмейсіз бе?» дейді шімірікпей. «Сонда бұл ұтыс ойынын өткізудегі «Халық банктің» мақсаты не?» десем, жарытып ештеңе айта алмай күмілжиді. Бұл – жай ғана телефон қоңырауы емес, бүгінде қаржы ұйымдарының халықты қарызға тартудың жаңа айласына айналған тәсілдің көрінісі.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Соңғы уақытта Қазақстандағы көптеген қаржы ұйымы «жүлде», «ақшалай ұтыс», «сыйлық» сияқты амалмен азаматтарды несие рәсімдеуге үгіттеп, онсыз да қарыздан көз ашпай отырған халықты жоғары өсіммен несие алуға ашық шақыра бастады. «Халық банк» сияқты ірі ұйымдардың өзі халықтың әлсіз тұсын – материалдық қиындық пен оңай олжаға сенгіштігін пайдаланып отыр. Бұл тәсіл, шын мәнінде, қаржы нарығындағы бәсекенің шектен шығуының белгісі.

Қазақстанда тұтынушылық несие алғандардың саны соңғы жылдары күрт артты. Көпшілігі ай сайын қарыз төлеу үшін жалақысын жеткізе алмай, екінші несиеге жүгінеді. Бұл – қоғамдағы әлеуметтік тәуелділікті күшейтетін фактор. Осыдан 2 жыл бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында халықты қарызға батырған банк жұмысын сынап: «Нақты секторға берілетін кредит азайып жатқанда банктер тұтыну несиесімен әуестеніп кетті. Осы жағдай қаржы жүйесіне төнетін сын-қатерлердің көбеюіне және азаматтардың шектен тыс қарызға батуына әкеп соқтырды» деген болатын. Алайда «Халық банк» секілді алпауыт ұйымның бүгінде дәл осы сыннан ешқандай сабақ алмағаны байқалады. Керісінше, «Ит үреді, керуен көшеді» дегендей, өз дегенінен қайтпай, жұртты несие алуға итермелеуді жалғастырып келеді. Елдегі ірі банктің халықты қарызға батыратын мұндай әрекеті қоғамның сенімін әлсіретеді. «Ұтыс» деген желеумен қарызды насихаттау – этикалық тұрғыдан да күмәнді қадам. Мұндай жарнамалар реттелмесе, қарапайым халықтың қаржылай сауатсыздығы есебінен банктер байи береді. «Халық банк» атауы – халықтың сенімімен, мүддесімен байланысты ұғым. Ал егер банк өз атауына сай қызмет етпей, ұтыс ойыны арқылы жұртты несиеге қызықтырса, бұл – банк пен халық арасындағы моральдық келісімнің бұзылғаны. Қаржы ұйымдары халыққа «қарыз беруді» емес, қаржы тұрғысынан сауатты болуды насихаттауы керек. Себебі халықтың әл-ауқаты банктің пайдасынан әлдеқайда маңызды.

Ақмола өңіріне аты мәлім қобызшы Дәулет Мықтыбаевтың туғанына биыл – 120 жыл. Өмір бойы қазақтың көне өнерін қастерлеп, халқымыздың атадан мұра боп жеткен ескі қобыз күйлерін қазіргі заманға мұртын бұзбай жеткізсе де, ол көзі тірісінде тиісті бағасын алмай кетті. 1930 жылдары Қорқыттың «Қоңыр» күйін тарқаны үшін, ашаршылыққа қарсы «Зартолғау» күйін шығарғаны үшін репрессияға ұшырап, абақтыға қамалғаны тағы бар. Ұлттық өнердің өшіп кетпеуіне себепші болған жанның қилы тағдыры туралы тарих ғылымдарының докторы, профессор Марат Әбсеметпен сұхбаттасқан едік.

МІРЖАҚЫПТАН – БАТА, СӘКЕННЕН САБАҚ АЛҒАН



– Марат Оралбайұлы, әйгілі қобызшы Дәулет Мықтыбаевтың ежелден қызыр қонған Қорғалжын елінің тумасы екенін қалың қазақ жақсы біледі. Талай дүлдүлдерді дүниеге әкелген осынау қасиетті мекенде Алаш азаматтарының басқосулары жиі болып тұрған, әңгімені қобызшының туған жері, өскен ортасы туралы деректерден бастасаңыз.

– Қорқыт, Кетбұға, Қойлыбай сынды қобызшылардан үзілмей жалғасып келе жатқан мың жылдық дәстүрді жаңғыртып, ұрпаққа жеткізген, музыка саласын ұлттық консерваторияда биік деңгейге көтерген Дәулет Мықтыбаев 1905 жылы қазіргі Ақмола облысы Қорғалжын ауданы Сабынды ауылында Әупік би шаңырағында дүниеге келген. Ол ауқатты, білімді, беделді, сыйлы, өнерге жақын, қобыз тартқан бесаспап азамат болған деседі. Руы – Базаргелді темеш, анасы Дәмеш – манам темеш. Елдің айтуынша, ол кісі де қайырымды, өнерлі жан болса керек. Әупік би Дәулетке жасынан әулие Қорқыттан, Қойлыбай бабасынан жеткен «Қоңыр» күйін үйретеді. Ұлының ынта-қабілетін көріп, бірте-бірте халық күйлерін меңгерту аясын кеңейтеді. XX ғасырдың бас ширегінде Қорғалжын Алаш азаматтары топтасқан жер болды. Бұл өңір – Түркістан автономиясын құрысқан, М.Шоқаймен бірге «Бірлік туы» газетін шығарысқан Алаш қайраткері Хайретдин Болғанбайдың ауылы. Көнекөз қариялар Қорғалжын басында Міржақып Дулатұлының басқаруымен бірнеше Алаш басқосуы өтіп, жиынға қатысушылар ішінде Мағжан Жұмабай, Мырзағазы Есболұлы, Асхат Сейдалин, Ахмет Бірімжанұлы, Кәрім Тоқтабаев, Сейдазім Қадырбайұлы, Телжан Шонанұлы, Сейілбек Жанайдарұлы, Сыздық Мешінбайұлы, Қосымжан Бабақұлы сынды тұлғалар болыпты деседі. Осындайда Алаш зиялылары Хайретдин Болғанбайдың туысы Әупік бидің үйіне түстенеді. Мал шалынады. Өңірдің ақсақалдары, атқамінерлері, өнерпаздары жиналады. Әсіресе Ақмоладан, Атбасардан әнші-күйші көптеп келеді. Халық сұрауыменен Әупік Мықтыбайұлы Қорқыттың «Қоңырын», халықтың «Ақсақ құлан», «Аққу», «Айрауық», «Саржан төре» күйлерін орындап, әр туындының аңыз-әпсанасын қатар жеткізіп отырған. Әңгіме мен ән-күй қыза келе, шаңырақ иесі түп нағашысы Қойлыбайдың қобызы туралы кеңінен толғайды.

Әупіктің тебіреніп айтқан әңгімесі Мағжан ақынға қатты әсер етеді. Осы көңіл-күйден кейін «Қойлыбайдың қобызы» атты поэма жазады. Қорғалжындағы Алаш азаматтарымен кездесу тарихи оқиғаға айналады. Қонақтар қайтарда 15 жасар Дәулет Қорғалжыннан Атбасарға дейін бірге еріп жүріп, Алаш тұлғаларына қызмет көрсетеді. Міржақып Дулатұлы алғыс ретінде Дәулет Әупікұлына өлең арнап, бата береді.

– Дәулет Мықтыбаевтың 1920-жылдары Ақмола қаласына барып аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ақын Сәкен Сейфуллиннен қылқобыздан сабақ алғанын біреу білсе, біреу білмес. Бұл туралы не айтасыз?

– Иә, атақты күйші дауылпаз ақыннан бірнеше сабақ алып, оншақты күйлерін үйренеді. 1957 жылы Сәкен ақталған соң, оларды ел арасында ашық насихаттайды. Ал 1964 жылы 24 шілдеде Дәулет Мықтыбаев «Есімде қалғаны осы» деп Сәкеннің «Сарыарқа», «Әупілдек» күйлерін «Қазақ радиосы» таспасына жаздырады. Сонымен қатар қобызшы Сәкен Сейфуллин туралы біршама ауызша дерек жеткізіп кетеді.

1931 жылы Қарағанды облысы ашылады. Қазақстанда бұл облыс – ірі өндірістік индустриалды аймақ. Бұл жердің табиғи қазынасы, қазба байлығы көмір, мыс, жез, марганец тағы басқалар болып келеді. 1933 жылы Дәулет Мықтыбаев жерлесі, дарынды әнші Қосымжан Бабақовтың шақыруымен Қарағанды облыстық радиокомитетке қызметке орналасады. Осы жұмыста белгілі қазақ мәдениетінің білгірі Қали Байжановпен танысады. Жаз шыға Қарағанды, онымен іргелес Павлодар және Ақмола облыстарының елді мекендеріне гастрольдік сапарларда болған Дәукең үшін бұл кезең қылқобызда орындаушылық шеберін шыңдаған шабытқа толы жылдар болатын. Ұлытау, Баянауыл, Жаңаарқа, Қарқаралы, Балқаш жаққа барған сапарларында ескі аңыздар мен көне күйлерді ерінбей жинады. Тәттімбет, Жанақ, Жаяу Мұса, Шашубай Қошқарбайұлы, Маясар Жапақұлы, Жәкен Байтуұлы, Әбікен Хасенұлы, Бегімсал Орынбекұлы шығармашылығы мен өнері оған айрықша әсер етті. Нәтижесінде, Қарағанды радиосында тұңғыш рет қылқобызбен сүйемелдеген музыкалық хабарлар берді. Ол Жаңаарқадағы Сайдалы Сары Тоқаның ауылында «Сары дала» атты күйді Е.Сарбиұлынан, Түгіскен ауылында Бұралқы Құдайбергенұлынан Ықыластың «Айрауықтың ащы күйі», «Шыңырау» күйлерін үйренді. Бұл күйлерді Дәулет Мықтыбаев 1964 жылы шілде-тамыз айларында «Қазақ радиосына» жаздырды. Қобыз күйін естіген халық ғасырлардан жеткен сарынды түйсінгендей еді.

Халық арасынан ол «Қамбар батыр», «Қазан» (1-нұсқа), «Кертолғау» (екі түрі), «Жолаушының қоңыр күйі» (1-түрі), «Жолаушының қоңыр күйі» (2-түрі) сынды мұраларды жинады. 1933 жылы қобызшы Қарқаралыға барады. Аштықтан есепсіз қырылған халықты көріп, бір төбенің басына шығып қобызын шалады, терең қайғыдан күй шығарады. Халықтың көңіл-күйін қобызға түсіреді. Ашаршылыққа арналған «Зартолғау» күйі осылай дүниеге келген екен.

– Қорқыттың күйлерін орындағаны және ашаршылыққа арнап «Зартолғау» күйін шығарып халықты кеңес үкіметіне қарсы қойғаны үшін қобызшы түрмеге де тоғытылды емес пе?

– Рас айтасыз, «Зартолғау», Қорқыттың «Қоңыр» күйі, Сәкеннің «Сары-Арқа» күйлерін орындағаны үшін Дәулет Мықтыбаев абақтыда отырған. 1936 жылы 17-27 мамыр аралығында Мәскеу қаласында өтетін қазақ әдебиеті мен өнерінің декадасына баруға дайындалып жүрген Дәулет Мықтыбаевқа «кеңестік жүйеге қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізгені және халықты кеңес үкіметіне қарсы қойғаны үшін» деген айыптаулар тағылып, сол жылы 23 сәуірде түрмеге қамалады. Тергеушілер өнерпазды көп қинайды, ұрып-соғады. «Ұзақ жылға лагерьге кетесің, не атысасың» деп қорқытады. Өлемін деп ойлаған ол тергеушілерден соңғы аманаты ретінде қобызын сұрайды. Қызыл жағалылар «Шалса, соңғы рет шалсын» деп рұқсат береді. Киелі аспапқа қолы тиген Дәукең суық сарынмен қобызын сарнатып, аруақ шақырады. Бураша бұла мінез көрсетіп, шабынып, әртүрлі қимыл жасап, милиция қызметкерлерін есінен тандырады. Аяқ астынан топалаң тигендей көбісі әлсіреп құлай бастайды. Не керек, емдеуші де сол сәтте өзі болып кетеді.

Жұрттың айтуынша, қобызшы киесінен қорыққан тергеушілер оның туған жылын 1905-тен 1912 жылға өзгертіп, 1936 жылы 20 маусымда түрмеден босатады. Бірақ саясат тақырыбына бармау туралы қолхат алады. «Қорқытты атама, «Зартолғау» күйінің атауын өзгерт, не оны ұмыт!» деген тапсырмадан соң, күйдің атауын өзгертеді. Сонымен қатар түрмеде отырғаны жөнінде тіс жармау да мықтап айтылады. Дәулет Мықтыбаев абақтыдан босатылғанымен, оның ісі әлі күнге дейін ақталмады. Қобызшының өмірі бақылауда, тексеруде өтті.

1937 жылы қобызшы Қарағанды облысы филармониясына әртіс болып орналасады. Ал 1939 жылы Алматыға қоныс аударып, Жамбыл атындағы мемлекеттік филармонияға жеке қобызшы орындаушы болып қабылданады. Қазақстанның түкпір-түкпірін аралап, ұжыммен бірге концерт береді. 1941 жылы өнерпаз қара қобызын арқалап, майдан даласына концерттік бригадамен барады. Кеңес сарбаздары оның қобыз үнін окопта да отырып тыңдап, рухтанады. Киелі аспап дауысын естіген жаудың мысы басылып, есі шығады. Дәулет Мықтыбаев ұлттық музыка тарихында алғаш рет қобыз аспабын баян мен балалайкаға қосып, жаңа үндестікті үлкен сахналарға шығарады. Соғыс майданында ауыр жарақат алады, емделіп, қайта аттанады. 1942 жылдың күзінде тағы да жараланады. Ұзақ емделеді. Содан кейін комиссия шешімімен соғыс майданына жіберілмейді.

Дәукең соғыс жылдарында майдан аралап, өмір мен өлім, оқ пен оттың ортасында жүрген қазақ жауынгерлерінің алдында көптеген концерттер қойып, олардың елге деген сағынышмауқын басты, жігерлендірді. Соғыстан соң Жамбыл атындағы қазақ мемлекеттік филармониясына, Қазақконцертке жеке қобызшы-орындаушы болып жұмысқа орналасып, Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі елді мекендерді аралап, көптеген концерттер береді. Казгосфилармония солисі ретінде 1952 жылы 23 қыркүйектен 15 қазан айына дейін жеке концертпен Алматы облысының Кеген мен Нарынқол аудандарында болады. Қобызшы халық алдында Қорқыттың «Қоңыр» күйін орындайды. Сол үшін 1936 жылдан бақылауда жүрген, ақталмаған Дәулет Мықтыбаев Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінен ескерту алады.

– Халық арасында қобыз сарынымен емдік шаралар жүргізгені туралы да деректер бар. Өнерпаз өмірінің жұмбақ, тылсым жағы туралы не айтасыз?

– Қобызшы 1965 жылы жұмыстан шығып, туған жеріне оралады. Уақытын бос өткізбей, халық арасында қобыз сарынымен емдік шаралар жүргізгені де рас. Дәстүрлі бақсылық салтымен ауру адамды екі оттың арасынан өткізіп, алаумен тазартады, аластайды. Бұл да – Дәукең өмірінің жұмбақ, тылсым жағы. Сонымен қатар ол қобыз өнерін насихаттай жүріп, Ақмолаға жақын орналасқан Осакаровка селосына барып, ұлттық музыка аспаптарының атасы атанған Қамар Қасымовпен танысып, фабрикада жасалған алғашқы қобыздардың сарапшысы ретінде аспаптарды баптаумен айналысады.

1969 жылы Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерватория ректоры, профессор Еркеғали Рахмадиев оны Алматыға қызметке шақырады. Сол кезде қобыздан сабақ беретін ұстаз болмай, консерваторияда қобыз класы жабылу алдында тұрған. Тек қана профессор Б.Сарыбаев нотамен сабақ беретін. Республиканың әр жерінен іріктеліп, 30 шақты қазақ балалары жиналды.

Дәулет Мықтыбаев – көзінің тірісінде қылқобыз шалудың майталман шебері болғандығын дәлелдеген дарын иесі. Өмірінің соңына дейін Құрманғазы атындағы консерваторияның халық аспаптар класында ұстаз етіп, ондаған шәкірттерін қобыз шалуға тәрбиелейді. Қобыздағы ойналу тәсілі мен ерекшеліктерін жас қобызшыларға үйретіп, бойындағы бар өнерін жастарға мирас етті. Дәулет Мықтыбаевтың арқасында консерватория бағдарламасына қазақ халқы және Қорқыт, Кетбұға, Қойлыбай, Жанақ, Жаяу Мұса, Ықылас, т.б. тұлғалар күйлерінің ойнау тәсілі мен ерекшеліктері енді.

– «Шәкіртсіз ұстаз – тұл» демекші, Астанада ұйымдастырылған «Қобызшылар шеруі» дәстүрлі өнер кешінде қобызшы шәкірттерінің өнеріне тәнті болғанымыз рас. Ұлттық өнерді ұрпақтан ұрпаққа жалғастыратын да солар емес пе?

– Әлбетте. Бұл кешті Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерт ұйымының «Халық қазынасы» ұлттық өнер орталығы ұйымдастырды. Дәулет Мықтыбаевтың 120 жылдығына арналған дәстүрлі өнер кеші Ақмола облысы Қорғалжын ауданының әкімдігі мен Сәкен Сейфуллин атындағы қоғамдық қордың қолдауымен тұңғыш рет Астанада өтті. Оған Қазақстанның түкпір-түкпірінен танымал қобызшылар жиналды. Қонцертке қатысқан 25 қобызшының ең үздік бесеуіне ақшалай сыйлық берілді. Солардың бірі – белгілі қобызшы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Раушан Оразбаева сол кеште Сәкен Сейфулиннің «Сары-Арқа» атты қылқобызбен тартқан күйін алғаш рет орындады, 1964 жылы оны таспаға жаздырған Дәулет Мықтыбаев болатын. Концерттен кейін атақты өнер иесінің құрметіне дастарқан жайылды.

Қобызшының шәкірттері – еліміздің мақтаныштары. Солардың ішінде әйгілі композитор, Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, профессор Кенжебек Күмісбеков, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры Пернебек Момынов, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Қуаныш Әжмұратов, Құрманғазы консерваториясы қобыз және баян кафедрасының меңгерушісі, профессор Базархан Қосбасаров, К.Байсейітова атындағы музыка мектебінің оқытушысы, профессор Әбдіманап Жұмабеков, т.б. бар. Бұл ретте дана қобызшының өнер тарихындағы орны мен мәртебесін дәл көрсеткен Әбдіманап Жұмабекұлы көне дәстүрді біздің заманымызға жеткізген Дәукеңе халқымыздың қаншама інжу-маржан, асыл қазынасын сақтап қалуға үлес қосқаны үшін қазақ халқы атынан ескерткіш орнатуды ұсынса, Қорғалжын ауданының әкімі А.Алин атақты қобызшы Дәулет Мықтыбаевтың туғанына 120 жыл толуына орай, өзі дүниеге келген Қорғалжын ауданының Сабынды ауылындағы Мәдениет үйіне оның есімін беру жоспарланып отырғанын, сонымен қатар, келесі жылы күй атасы Қорқыт Атаның қара қобызына арналған ескерткіш орнату да жоспарда бар екенін жеткізді. Біздіңше, осының бәрі әділетті Қазақстанның мақсат-міндетімен сәйкес келеді. Сондықтан жақсылықтан үміттіміз.

Сұхбаттасқан
Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ



Суретте профессор Болат Сарыбаев пен қарт қобызшы Дәулет Мықтыбаев. 1971 жыл

№119 (4863) 09/10/2025 Бейсенбі

Қазақстанда жасанды жолмен ұрықтандыру (ЭКҰ) әдісі соңғы жылдары айтарлықтай дамыды. Табиғи жолмен бала сүйе алмаған жандарға үлкен мүмкіндік беретін бұл тәсілге қазір тек еліміздің азаматтары ғана емес, шетелдік жұптар да жиі жүгініп жатыр. Әсіресе, көрші Қытайдан келіп ЭКҰ арқылы бала сүйетіндер қатары соңғы жылдары күрт өсті. Бұған екі ел арасындағы қарым-қатынастың нығаюы әсер етті. Осылайша, Қазақстан медициналық туризмнің маңызды орталықтарының біріне айнала бастады.



МЕДИЦИНАЛЫҚ ТУРИЗМ – МЕМЛЕКЕТ ҮШІН ҚОСЫМША ТАБЫС КӨЗІ, БІРАҚ ОЛ АДАМ МЕН ӨМІР ҚҰНДЫЛЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ ЭТИКАЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ДЕ ЖҮКТЕЙДІ. ЕГЕР ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗ АЙҚЫН БОЛМАСА, МҰНДАЙ ҚЫЗМЕТ АДАМ САУДАСЫНА, ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ТӘУЕКЕЛІНЕ, ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ТЕҢГЕРІМГЕ ӘСЕР ЕТУІ МҮМКІН.

ЖАТЫР ЖАЛДАУ ЖАРҒА ЖЫҚПАСЫН

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Қазақстанда ЭКҰ алғаш рет 1990-жылдардың басында қолға алынған еді. Қазір елімізде ондаған клиника табысты жұмыс істеп, мыңдаған отбасыға бала сүю бақытына жол ашып отыр. Мемлекет тарапынан да қолдау бар: жыл сайын бюджеттен белгілі мөлшерде квота бөлінеді. Бұл – әлеуметтік саясаттың маңызды бөлігіне айналған маңызды қадам. Қазір отандық мамандардың кәсіби деңгейі жоғары, зертханалық-техникалық база да заман талабына сай жабықталған. Соның нәтижесінде, ЭКҰ арқылы туылған балалардың саны жыл сайын көбеюде. Мәселен, кейінгі төрт жылдың төңірегінде 28 мыңнан астам адам ЭКҰ жасатып, 10 мың әйелдің бойына бала бітті. Оның 9 мыңы өмірге сәби әкелді.

Еліміздегі бұл медициналық әдістің қарқынды дамуы көрші елдерді де қызықтырып отыр. Бағасының арзандығы, донорлық қызметтің мүмкіндігінің көптігі Қытай сияқты медициналық дамуы бізден әлдеқайда ілгері елдердің азаматтарының да қызығушылығын оятқаны жасырын емес, яғни бұрын қытайлықтар ЭКҰ жасату үшін өз елінен қалса, Тайландқа көбірек барса, қазір Қазақстан олардың басты таңдауына айналып барады. Сосын да шығар, қытайлық БАҚ беттерінде Қазақстанға барып ЭКҰ жасатудың тиімділігі жөніндегі жарнамалар кейінгі жылдары күрт көбейді, Қазақстанның өзінде де «бала сүйгісі келетін шетел азаматтарына жеңгетай болып жеңілдік жасап береміз» деген жарнамар жанданды. Алайда мұның көлеңкелі жағы да жоқ емес. Соңғы жылдары қазақстандық әйелдердің өз жатырын қытайлықтарға «жалдап беріп», ЭКО арқылы бала туып беру деректері көбейгені айтылып жүр.

Жақында әлеуметтік желіде Қытай азаматына бала туып беремін деп алданып қалған жас келіншектің сұхбаты жарияланды. Келіншектің айтуынша, сегіз миллион теңге үшін шетел азаматының баласын заңсыз, ешқандай келісімшартсыз көтерген. Баланы босанған соң туу туралы куәлігінде келіншектің аты-жөні жазылып кетіпті. Ендігі қорқынышы шетелге асып кеткен сәбіге бір жағдай болса, анасы ретінде бұл келіншек жауап беруі тиіс. «Жүктілік ортасына келген кезде мен договорымды сұрай бастадым. Олар маған «Істеп жатырмыз. Босанатын кезде береміз» деді. Ал қазіргі мәселе – бала менің атыма жазылып кетті. Өйткені ол кісілер маған ешқандай договор жасап берген жоқ. Қазірге дейін бір жылға жуық уақыт болса да, бала менің атымда тұр. Енді маған ол кісілер «сен баладан бас тартуың керек» деп жатыр. Ал мен «Бастапқыда олай келіскеміз жоқ қой, баланы менің атымнан алып тастаңыздар сот арқылы десем, ол кісілер келіспей отыр» деп ойда жоқ жерден тапқан бас ауруымен бөлісті ол. Міне, осы бір мәселенің өзі Қазақстанда ЭКҰ жасатуға қатысты заңдарды қайта қарау керектігін ап-анық аңғартып тұр.

Қалай болғанда да, бұл – құқықтық реттеуді қажет ететін күрделі құбылыс. Өйткені қазіргі қолданыстағы заңнама мұндай қатынастарды нақты шектемейді, ал бұл өз кезегінде түрлі заңсыз әрекеттерге жол ашуы мүмкін. Қазақстанда ЭКҰ, суррогат ана қызметі және донорлық қатынастар нақты регламентелгенімен, шетелдік азаматтармен жасалатын келісімдерге қатысты құқықтық шектеулер мен бақылау механизмдері әлсіз. Медициналық туризм – мемлекет үшін қосымша табыс көзі, бірақ ол адам мен өмір құндылығына қатысты этикалық жауапкершілікті де жүктейді. Егер құқықтық негіз айқын болмаса, мұндай қызмет адам саудасына, ұлттық қауіпсіздік тәуекеліне, демографиялық теңгерімге әсер етуі мүмкін. Сондықтан, шетел азаматтарымен суррогат ана және ЭКҰ келісімдерін жасауға нақты талаптар енгізу қажет; ЭКҰ клиникаларының қызметін қадағалау мен лицензиялауды күшейту, барлық келісімдердің электронды тіркеу жүйесін енгізу керек; Әлеуметтік және моральдық нормаларға қайшы келетін жағдайлардың алдын алу үшін қоғамдық бақылау тетігі іске қосылуы тиіс.

Қазақстандағы ЭКҰ саласы мыңдаған отбасыға үміт сыйлап отыр. Дегенмен, медициналық туризмнің күшеюі мен шетелдік сұраныстың артуы соны мәселелерді де туындатты. Әсіресе, «жатырды жалға» беру секілді құбылыстар мемлекет тарапынан қатаң бақылауды қажет етеді. Егер мемлекет тарапынан қатаң бақылау мен нақты құқықтық шектеулер енгізілмесе, болашақта жағдай одан да күрделенуі мүмкін. Ақшасын төлесе, табиғи жолмен бала тауып беретіндер де көбеюі ықтимал. Бұл – қоғамның моральдық және рухани іргесін шайқалтатын, адам саудасының жаңа түріне айналуы да ғажап емес. Сондықтан заңнаманы жетілдіру, құқықтық нормаларды нақтылау, медициналық туризм саласын жүйелі дамыту – уақыт күттірмейтін маңызды міндеттердің бірі.

«ҚАЛТА ҚАҚҚАН» ҚАРАЖАТ

Несиеге жақын туысымызға ынтық болғандай құштармыз. Банктегі қызметкерлер қысылтаяңда құтқаратын қаһарманның кейпінде көрінеді. Айтып-айтпай не керек, қарыздың шырмауынан шыға алмай жүрміз. Несиенің әлегіне әбігер болып, қалтадағы соңғы тиынды қағып тұрып берешегімізді төлейміз. Қарыз төлеудің салдары салмақ салып, кейін қандай ауыртпалық болатынын біле тұра осы іске барамыз. Бұл жайлы ешкім ескертпей ме, әлде ешкім ескермей ме? Мүмкін қаржы саласындағы білім төмен шығар. Қаржылық сауаттылықты арттыру шараларына белсенділік керек секілді.

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

Несиені аларда лотореядан қыруар ақша ұтқандай бір сәтке бақытпен «дос» боламыз. Бірақ, бірнеше жылға мойынға шынжыр байлап тұрғанымызды аңғармаймыз. Несиенің құрығына еңкейген қариядан еңбектеген балаға дейін түсіп жүр. Екінші деңгейлі банктер кейде төлей алу мүмкіндігіне сай келісім бермегенмен, микрозаймдар қаржатты қайтару қабілетін ескермейтін сынды. Ерсілі-қарсылы өтініш бергендердің қолын қайтармай, алақанына ақша толтырып беріп жатыр.

Биылғы жылдың 1 сәуіріне дейін елімізде займ арқылы қарыз алғандар саны 8.2 млн адамға жетті. Бұл көрсеткіш халық санының 41 пайызын құрайды. Демек, еліміздің тең жартысына жуығы микрозаймдардан қарыз алып, оларға борышкер болған. Бұл – қолжетімділіктің кереғар көрінісі.

Көшелердің бойынан бірінен кейін бірі қаз-қатар тұрған ломбардтар мен займдардың дүңгіршектерінен көз арылмайды. Оған кіруге мүмкіндік болмаса, интернет арқылы қалаған займның жеке сайтынан қаржы алуға болады. Түптеп келгенде, қолжетімділік қауіпке айналып барады.

Халық банктің есігін қағады, егер қаққан есік ашылмаса, амалсыздан микрозаймдарды паналауға мәжбүр. Мұқтаждықты кешпейтін уақытта алақан жаюшылардың қатарына қосылмаңыз. Микрозаймның ауылынан мейілінше іргеңізді аулақ салуға тырысыңыз. Оның құрығына түссеңіз, құтылуыңыз тіптен қиын. Қарызыңызды түгел жауып, берешектен құтылғаныңызбен, телефонға шалынатын қоңыраулар мен хабарламалар толастамайды. Бірінен құтылсаңыз, екіншісіне арбайтын айла-тәсілдер тауып жасайды.

Жылдам келетін ақшаны тұтынушы студенттің айтуынша, займдардан ақша алу үшін санаулы алгоритмдерді орындау керек екен. Әуелі тіркеліп,



БИЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҢ 1 СӘУІРІНЕ ДЕЙІН ЕЛІМІЗДЕ ЗАЙМ АРҚЫЛЫ ҚАРЫЗ АЛҒАНДАР САНЫ 8.2 МЛН АДАМҒА ЖЕТТІ. БҰЛ КӨРСЕТКІШ ХАЛЫҚ САНЫНЫҢ 41 ПАЙЫЗЫН ҚҰРАЙДЫ. ДЕМЕК, ЕЛІМІЗДІҢ ТЕҢ ЖАРТЫСЫНА ЖУЫҒЫ МИКРОЗАЙМДАРДАН ҚАРЫЗ АЛҒАН

содан соң өзіңнің құжаттарыңды түгел жазып шығасың. Одан соң керек қаражатыңның сомасын жазып, банк карточкаңды тіркейсің. Кейбірінде есепшоттағы жарты жылдық ақша айналымын сұрайды, кейбірінде оның аты мүлдем жоқ. Өтініш қалдыру үшін белгілі бір мөлшерде ақша төлеуді талап етеді. Көрсетілген көлемдегі қаражатты берген соң ғана өтініш қаралымға өтеді. Ақша бес минуттың ішінде есепшотта тұрады. Бірақ, қайтарып төлеу тым көп секілді. Нақтырақ айтқанда, пайыздық мөлшерлемесі көзге көрінбейтін алып болып тұр. Мәселен, 45 000 теңге алса, бір аптаның ішінде 57 000 теңге көлемінде төлеуге тура келеді екен. Бұл қалтаны қампайтудың емес, барыңды жымқырудың амалы секілді.

Займдардың тағы бір жымысқы әрекеттерін де байқап қалдық. Тіркелген есепшоттан түрлі көлемде ақшаны алып қоятын көрінеді. Бұл жағдай бірнеше салдардан болады екен. Бір сайттан келісім бермесе, екінші сайтқа кіріп өтініш берген тұтынушыға қаражат бермей қояды. Бірақ, тіркеуден өткеннен соң банктегі жеке ақпараттар микрозаймның жадында сақталып қалады. Ең сорақысы, есепшоттан ақшаны тартып алады. Біреудің қалтасына қол сұғумен пара-пар әрекет сынды. Бұл алаяқтыққа жатпай ма?

Мұның барлығына бірдей тұсау сала алмаймыз. Оның да кері жақтары бар. Бұл жайлы «Қарызсыз қоғам» жобасының қаржы сарапшысы Дулат Мыңбаев «Микрозаймдарға қолжетімділікті тым қиындату – көлеңкелі бизнеске жол ашатын болады. Сондықтан бұл саланы тым қысып тастауға болмайды. Соңғы қабылданған өзгерістер микрозаймдарды рәсімдеуде 24 сағаттық «салқындату» режимі арқылы ойланып алуға мүмкіндік береді» дейді.

Кейде несие алуға мәжбүр боламыз. Оның барлығын сауатсыздық деп кесіп айтуға да болмас. Инфляцияның жоғары болуы, азық-түлік пен жанар-жағармай құнының өсуі, жалақы деңгейінің төмен қалпында қалуы – қарыз алуға итермелейтін негізгі факторлардың бірі. Телефонымыздағы банк жүктемелері арқылы жылдам ақшаның қолжетімді болуы, көп ретте есепсіз, көрсеқызарлықпен несие ала салу біздің көзімізге таңсық дүние емес.

Қысқасы, қарызсыз қоғам арман емес. Ол үшін қаржыны дұрыс басқаруды үйренейік. Кіріс-шығысты есептеп, артық шығыннан бас тартып, тұтынушыдан өндірушіге айналайық. Министр де, мұғалім де, жұмысшы да – бәріміз осы қағиданы ұстансақ, еліміз қарызсыз өмір сүретін қоғамға айналады. Тек жылдам қаржы аламын деп қалтамызды қағып қалмайық.

№119 (4863) 09/10/2025 Бейсенбі

«АСТАНА АҚШАМЫ» – 35

2007-2008 ЖЖ.

ЕГЕМЕНДІКТІҢ ЕЛЕҢ-АЛАҢЫ



Астанадағы үш көше осы ұлы тұлғаларымыздың атымен аталса екен. Тіпті мектептердің атын берсек те артық емес!

Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы және Мұрат Мөңкеұлы. Бүгінде бұл ақындардың есімін еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін жақсы біледі. Әрине, білмейтіндер де бар. Оларға өкпелеудің жөні жоқ. Олар шыңыраудан шыққан Шортанбай түгілі, рухани әлемімізде асқақтап тұрған Абайды да жөндеп танымайды. Жұрттың осы үш ақынды мүлдем білмеген кезі болған. Ол тұста бұларды білгеннен гөрі білмеген тиімді еді. Бірақ әлі де жеткілікті дәрежеде құрметтей алмай жатырмыз. Ұлыларымызды ұлықтай алмай жүрміз. Қаламызда неше түрлі кездейсоқ кісілердің атын иемденген көшелер әлі де бар. Соңына мәңгі тірі мұра емес, еті тірі ұрпақ қалдырған адамдардың атымен біраз көшені атап жүрміз. Айтсаң, ауыздың жібі шешіліп кетеді. Ауыздың жібі шешілген соң бітті. Жіп те жырым-жырым, ауыз да пырым-пырым болады. Оның беті аулақ.

24 ақпан

КӨШЕЛЕР КӨЛКІП ЖАТЫР

Бұл сөйлемді көктем кезінде әркімнің аузынан естуге болады. Өйткені қыс бойы сыртқа тасылмай, үсті-үстіне үйіле берген қар күн қызы түскенде қатты қарқынмен ери бастайды. Сай-саладан аққан лай су жол бойына жиналады.

Кез келген жолдың ортасы дөңес, екі шеті ойыс болып жасалатыны мәлім. Сол себепті жаңағы лай суыңыз жаяу жүргіншілердің жағдайын кетіреді. Есерсоқ есірік пе, әлде шынымен бір жаққа асығып бара ма, әйтеуір ызғытып келіп, зу етіп өте шыққанда талай мәшине сіздің де бетіңізге былш еткізіп батпақ жабыстырып кеткен шығар. Астанаға жаңа тұрмыс іздеп келіп жатқан халық қаншама. Өзі тар көшедегі жіңішке жолдарға ығы-жығы кептелген автокөліктердің де қатары күн санап көбейе түсуде. Оның үстіне көктемде еріген қар суын қосыңыз. Әжептәуір мәселе.

А.МЕКЕШ
19 сәуір

КӨЛІК КЕПТЕЛІСІНЕН ҚАЛАЙ ҚҰТЫЛАМЫЗ?

Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары департаментінің ақпаратын негізге алсақ, тек соңғы үш жылдың өзінде ғана Астана қаласындағы автомашиналардың саны бұрынғысынан 90 пайызға, өткен бір жылдың ішінде ғана 56 мыңға дейін көбейген.

Биылғы мәліметке көз жүгіртсек, олардың жалпы қарасы 156 мыңды көрсетеді. Елордаға күн сайын келіп-кетіп жататын көліктер өз алдына. Осының барлығы жинақталып келгенде, таңғы, түскі және кешкі уақытта қалада, әсіресе ескі қала аумағындағы көшелерде автокөліктердің мысықтабандап қалатын ұзыннан-ұзақ тізілетін кептелуін туғызып отыр. Міне, бүгінде Астананың ең өткір әлеуметтік мәселесі болып отырғаны осы жағдай. Сондықтан мұны қандай жол, қандай мүмкіндікпен шешу керектігі жөнінде департаменттің тиісті лауазым иелерімен пікірлесіп көрген едік. Олардың айтуына қарағанда, биыл қоғамдық автокөлікті жаңалау үшін саны 150-ге дейін автобус сатып алынып, құрылыс нысандарының қатарға қосылуына қарай қаланың әр аймағында қосымша көлік қозғалысының бес бағыты ашылмақ. Сонымен қатар саны 500 автомобильден тұратын қаламыздағы такси қызметін жоғары талапқа сай ұйымдастыру да қарастырылып жатыр. Әзірге бұл талапқа тек «Экипаж» таксилері ғана жауап беруде.

Аманкелді ЖҰМАБЕК
29 мамыр



КАЗИНО – АРАМ АҚШАНЫҢ КӨРІГІ

Жер дегеннен шығады, жақында депутаттар мәре-сәре болып, қалалардағы казиноларды Қапшағай мен Бурабайға (Шортанды) көшіру туралы заң шығарды.

Білдей министрлер «казино-казино» деп, бір жерден ақысы кеткендей қызарақтап сөйледі. Біз сонда ойладық: казино арам ақшаның көрігі екенін бастауыш мектептің баласына дейін біледі, бұл жерде бәрі былығып жатыр: тоналған ақша да осында, жезөкше де осында, атыс-шабыс, қорлау-зорлау да осында. Сонда біз оған неге жол береміз? Қалаңыз-қаламаңыз, бұл жөнінде тыпыр ете алмайсыз. Себебі нарық заманы оны екі қолдап қорғайды. Қорғаған соң да бұл мәселе жөнінде министр де, депутат та құдды балабақшаны немесе зейнеткерлер мен мүгедектерді қорғағандай әзиз көңілімен, ынта-шынтасымен, айрықша мейіріммен сөйлейді.

Қапшағай – жасанды көл. Негізінен, жасанды жер. Ондағы казинонының жарасы жеңіл. Ал табиғи Бурабай өңірін жын-ойнаққа қалай қиямыз? Ау, дамыған деген елдерде казиноны тақыр жерден салған ғой. Сөйтіп, әулие қонып, нар шөккен Бурабай енді жаңа қазақтар мен өзге де «жаңалардың» казиносына айналғалы отыр. Әрі-бері ойлай келе, тағы да бір адамшылыққа салып әрі армандап, ол арман-аңсарымызды депутат ағайындарға бағыштап: «Осы мәселені қайта пысықтаңыздар, болашақтың алғысына бөленесіздер!» деуді орынды санаймыз. Бұл – санаулы адамдардың емес, сіздерді сайлаған және сіздерге сенген халықтың аманаты.

Айтуған ДОСБИ
19 маусым

ӘНҰРАНДЫ... ОРЫСША?!

Жуырда қолымызға Мемлекеттік әнұранымыздың мәтіні басылған қос беттік нұсқа түсті. Ол, әрине, таңданыс туғызатын нәрсе емес.

Бізді бейжай қалдырмағаны мемлекеттік тілде «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны», ресми тілде «Государственный гимн Республики Казахстан» деп жазылған үнқағаздың ішкі беттерінің бірінде әнұранның мәтіні орыс тілінде басылыпты. Орыс тілінде болғанда ешқандай «аударма» я «мағыналық түсінік» деген анықтама берілмеген. Жай ғана әнұранды орыс тіліне өлең түрінде толық аударып басқан да, «Авторы текста: Жумекен Нажмеденов, Нурсултан Назарбаев», «Авторы музыки: Шамши Калдаяков» деп қойған. Сонда Қазақстан Республикасы әнұранының екі түрлі нұсқасы бар болғаны ма? Қазақстанда әнұран екеуме? Болмаса Жұмекең мен Нұрекең бірігіп орыс тілінде өлең жазып па? Әрине, Қазақстан мемлекеттігінен бейхабар кез келген шетел азаматы әлгі үнқағазды оқығанда осындай ойға қалары анық. Сонда бұған кім мүдделі? Онсыз да «гимн» деген сөзді әреңәрең «әнұран» деп, «нышан» деген сөзді енді тиісінше «рәміз» деп жаздыруға тырысып, жалпы қазағымыздың шұрайлы тілін сансыз кедергімен күресіп жүріп, өз жөнімен қолдана алмай жатқанымызда Мемлекеттік әнұранымызды толығымен орысшалап әлек болып жүргендер кімдер? Биыл ғана депутаттар «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік нышандары туралы» заң жобасын қарағанда, Мәдениет және ақпарат министрі Ермұхамбет Ертісбаев: «Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру мақсатында 8-баптың 3-тармағына сәйкес әнұранды бекітілген мәтін мен музыкалық редакциясына сәйкес тек мемлекеттік тілде ғана орындау қарастырылған» демеп пе еді... Ал заңға, мемлекеттік саясатқа тікелей қарсы шығып жүргендер кімдер? Тым болмаса «орыс тіліндегі мағынасы» деп неге анықтама берілмеген? Өкініштісі сол, әлгі үнқағазда өндіріс өнімінің қайда басылғаны, кімнің тапсырыс бергені және қайда таратылғаны туралы ешқандай дерек көрсетілмеген.

Нәзира БАЙЫРБЕК
4 қазан

ҚАЖЫМҰҚАННЫҢ ӘЖЕСІ КІМ?

Қажымұқан ауылының арғы жағында Сарытерек, Төңкеріс ауылдары іркес-тіркес қоныстанған. Бәрі – бала Мұқанның ізі қалған жерлер.

Осыдан 5-6 жыл бұрын жасы 80-нен асып кеткен Халық деген қағылез қариямен кездестім. Құтыңдаған әзілқой ақсақал Оспанханның жазған шақпа қалжыңдарын жатқа соғып отырды. Қаладан 40 шақырым жердегі Төңкеріс ауылында тұрады екен. Сөз арасында әлгі қария былай деді: «Балам, мен тұрған Төңкеріс ауылының іргесіндегі зиратта Қажымұқанның әжесі, асырап, сақтап адам болдырған анасы Ақыштың (Айсараның) зираты бар. Білетіндер азайып барады. Келіп көріп кетсеңші» деп ұсыныс жасады. Біз мақұл көрдік. Арада айлар өтіп кетті. Әне-міне деп жүргенде Халық ақсақалдың дүниеден өткенін естідім. Санды ұрып біз қалдық. Бірақ осы елдің адамдарынан жалықпай сұрастырып жатып, біледі-ау деген біреуді таптық. Ол азамат Қарағандыда тұрады екен. Аты-жөні – Қуатбек Дайрабайұлы Атыбаев. 1954 жылы Төңкеріс ауылында туған. Әкесі Дайрабай бала кезінде зиратты көрсетіп: «Есіңде сақта, балам, бұл – Қажымұқанның анасының зираты. Мына басына қойылған ұзындығы 2 метр, ені 0,5 метр қыш тасты әкем Атымай керуен тартып бара жатып Самарқан жақтан әкелген. Мақсаты ата-бабаларының басына орнату екен. Содан бір күні үйге Қажымұқан келіп: «Атеке, мына тасты маған бер, шешемнің басына апарып орнатайын» депті. Осылайша Айсара әжеміздің зиратына көк сұр тас орнатылыпты.

Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ
10 сәуір

КЕЙІПКЕРЛЕРІМІЗ ҚАНДАЙ?

Кез келген мемлекеттің келешегі – жастар. Болашақ ұрпақтың ұлттық болмысымызды танып-біліп, көзі ашық, көкірегі ояу болуы үшін тәрбиенің тал бесіктен басталғаны абзал.

Балаға мектепте үйретілген әрбір нәрсе, оның айналасындағы қоршаған ортасы, достары, тіпті күнделікті пайдаланатын мектепке қажет құралдарының өзі – үлкен тәрбиелеуші құрал. Ал қазіргі мектеп оқушыларының басынан аяғына дейін бақылап, күнделікті пайдаланып жүрген құрал-жабдықтарын қарап шықсаңыз, мәселенің мәнісі басқада. Яғни қазақстандық мектеп оқушыларының «геройы» американдық және ресейлік мультитоптамалардағы кейіпкерлер мен жартылай ғана «шүберекке оранған» әнші қыз-жігіттерге айналыпты. Бұдан кейін елін сүйер патриот, қазақша сөйлейтін ұрпақ тәрбиелеп жатырмыз деп айтудың өзі артық сияқты. Қазіргі мектеп оқушыларының қолындағы дәптерінен бастап қарындаш ұштағышының сыртына дейін әйгілі «Шрек», «Бэтмен», «Өрмекші адам», «Барби» қуыршағы және тағы басқа шетел брендтерінің қаптап тұрғанын байқайсыз. Одан қалса, әнші қыздардың жартылай жалаңаш бейнесі. Биыл бір үйде «махаббат іздеп жүрміз» деп төбелесуге дейін баратын ресейлік «Дом-2» бағдарламасындағы жүргізуші Ксения Собчак пен сондағы «әйгілі» кейіпкерлер дәптер бетіне сериал болып шығыпты. Осының бәрі – жеткіншектеріміздің сүйікті де сүйікімді кейіпкерлері. Өйткені дәл қазіргі уақытта нарықта таңдау мүмкіндігі молайған сайын осындай жағдайға тап болып отырмыз.

Серікгүл СҰЛТАНҚАЖЫ
9 қазан

ЕСІЛДЕ ЕНДІ КЕМЕМЕН ЖҮЗЕМІЗ

Осыдан біраз жыл бұрын Астанада кеме жүзетіні туралы әңгіме қозғалғанда көп адамға бұл ертегідей елестеген.

Бірақ қала билігі уәдесінде тұрды. Осыдан бір айдай бұрын Есіл өзенінде шағын кемелер жүзе бастады. Осынау су көліктерін қарамағына алып, күтіп-баптайтын «Есіл-Астана» атты мекеме де құрылған.

Қымбат ТОҚТАМҰРАТ
25 маусым

ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ЖАҢА БОЙТҰМАРЫ

Еліміздің баянды болашағына бағдар сілтейтін еңселі ескерткіш – «Қазақ елі» монументі тура мереке күні тұсауын кесті.

Ескерткіштің биіктігі – 91 метр. Бұл тәуелсіздігіміздің тұсауын кескен жылды меңзейді. Оның салтанатты ашылуына қатысқан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев мемлекетіміздегі басты ескерткіш осы болатынын атап өтті.

Қымбат ТОҚТАМҰРАТ
10 шілде

ЕГЕМЕНДІКТІҢ ЕЛЕҢ-АЛАҢЫ


Өткен ғасырдың аяғында қоскіндікті дуние жағдайындағы тым ұзаққа созылған текетіреста тізесі тәлтіректеген қызыл империя өз қолынан соққан Берлин қабырғасын өз қолымен күйретті.

Үшінші дүниенің жарылқаушысы болмақ дәмесінен де күдер үзді. Шығыс Еуропадағы одақтастары өз тізгіндерін өз қолдарына ала бастады. Бұндай «індеттің» енді өз ішіне тарап кетпеуі үшін құрамдастарын алдын ала керектер мен керек еместерге жіктей бастады.

Осы жылдары талай соқталаңға түскен Қазақстан кемесі сең жүре бастаған уақыт мұхитында өзі көксеген бағытқа аса абайшылдықпен жүзіп келе жатты. Өйткені өткен кезеңдер ол жүзіп келе жатқан шығанақты қопарылыс аймағына айналдыруға не керектің бәрін артығымен жасап үлгерді. Сондай қатерлі кеңістікті мейлінше қауіпсіздендіріп, ортақ сенім мен үміт аймағына айналдыру қиынның қиыны еді.

Менде «Қазақ ССР-нің Мемлекеттік егемендігі туралы мәлімдеменің» дауысқа қойылған нұсқасы әлі бар. Онда әр баптың тұсына дауыс беру нәтижелері көрсетілген. Соған қарап отырғанда, ондағы әр бапты қабылдаудың қаншалықты күшке түскені көз алдымызға келеді. Ең соңынан, мәлімдеме тұтастай дауысқа қойылғанда таблодағы жазуды көргендердің көпшілігінің көзі дымданып тұрды. Олардың арасында үміттің де, күдіктің де, ызаның да, «ендігі күніміз қандай болады?» деген қобалжудың да, «бұл өзі не болып кетті?» деп аңтарылудың да жасы бар еді.

Әбіш КЕКІЛБАЕВ,
сенатор
16 желтоқсан



№119 (4863) 09/10/2025 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ
13 ҚАЗАН

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 ФУТБОЛ. Әлем чемпионаты - 2026
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:10 «Кек жолында». Телехикая.
12:10 «Қызық екен...».
13:10 «Бақыттың кілті». Телехикая.
14:20 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.
15:05 «Мүдде»
15:10 «Мерейлі отбасы».
15:25 «Әндер мен жылдар».
16:00 «АҚЖАУЫН». Телехикая.
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ».
18:00 «КЕК ЖОЛЫНДА». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «ЖҮРЕКТЕГІ М¥З». Телехикая.
22:20 «АШЫҚ АЛАҢ».
23:10 ФУТБОЛ. МАТЧ ҚАРСАҢЫНДА.
23:35 ФУТБОЛ. ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ
1:45 «Ақжауын». Телехикая.
2:40 «Қазір айтайық».
3:55 «Ашық алаң».
4:45 Әнұран
